



5 ақпан, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Жауапкершіліктің ең ауыр жүгі – қазақ ұлтында



4 Кедейлікті еңсерудің көзі – өндіріс және жұмыс



6 Еңбектің ері



8 Мульттоптамалардың саны аз, сапасы маз емес



Олимпиада алауы

Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысты.

Салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен қатар Аргентина, Мысыр, Қырғызстан, Польша, Ресей, Сингапур, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Эквадор президенттері, Катар Әмірі, Босния және Герцеговина, Грекия, Моңғолия және Пәкістан премьер-министрлері, Камбоджа Королі, Сауд Арабиясының тақ мұрагері, Абу-Дабинің тақ мұрагері, Монаконың ханзадасы, Люксембургтың Ұлы герцогы, Таиландтың ханшайымы, БҰҰ Бас хатшысы, Халықаралық олимпиада комитетінің Президенті, Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры, Шанхай ынтымақтық ұйымының Бас хатшысы және басқа да бірқатар шетелдік ресми тұлға қатысты.

Олимпиадаға қатысушы мемлекеттер спортшыларының салтанатты шеруінде Қазақстанның Мемлекеттік туын шорт-трекші Абзал Әжіғалиев пен конькимен жүгіруші Екатерина Айдова алып өтті. Қазақстанның ұлттық құрама командасына Қасым-Жомарт Тоқаев кол бұлғап, қолдау көрсетті.

8-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Адам құқығы: алдағы міндеттер ауқымы

Адам құқықтарын қорғау, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына қолдау көрсету – қоғамдағы шиеленістің алдын алып, келісім мен өзара түсіністік орнатудың бірден-бір жолы. Осы мәселені талқылау, бірлескен жұмыс жолдарын белгілеу мақсатында кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Азимова мен «Адам құқықтары хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Жеміс Тұрмағамбетова және Қызылорда облысы бойынша Ұлттық алдын алу тетігінің жетекшісі Серік Тенізбаевпен кездесті.

Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет пен облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Райғанов қатысты.

2-бет

● МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Өрнекте де өмір бар Әжімбет ұста туралы білеміз бе?

Өнер – тәңірден келген сый. Қалай сый демесің, ағаш ұстасы Әжімбет Қарайғырұлының бабалары ұсталықты кәсіп еткен» деген дерек жоқ. «Тәңір жіберген ісмер адам» деп халқы оны ерекше құрметтеген. Неге десеніз, ағашты әдемі майыстыра білген ұсталығымен қатар, металлдың қыр-сырын меңгерген, асыл тастардың сырын оқи білген зергерлігі болған. Оған музей қорында сақтаулы ағаш жиһаздар мен зергерлік бұйымдар дәлел.

Әжімбет ұстаның әр туындысынан халықтың тұрмыстық болмысын, дүниетанымын көруге әбден болады. Шебердің қолы тиген әр бұйым көне заманнан келе жатқан дәстүрдің жалғасы, қазақ халқының ұлттық мәдениетінің белгісі іспетті. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Этнография» залында орналасқан асадалға тіл бітсе, біраз тарихтан сыр шертетіні анық. Тамақ және ылд-аяқ сактайтын үй жиһазы өте шебер жасалған. Жиһаздың бұл түрі кебежеге

қарағанда биіктігімен ерек, қазіргі шкаф не буфет формасына келеді. Бүгінде қолданыста жүрген үй жиһаздары қайта жаңғыртылған ескі дүниелер десек, артық айтқанымыз емес. «Асадал» сөзінің этимологиясы «ас» және «адал» сөздерінің бірігуімен байланысты, яғни «астың адал болуы», «астың адал һәм таза сақталуы» сынды ұғымды білдірсе керек. Асадал – түркі халықтарының арасында кең тараған жиһаз.

6-бет

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

5 қаңтарда Мемлекет басшысы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру мақсатында мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері мен сұйытылған газдың бағасын мемлекеттік реттеуді тапсырған. Сұйытылған газды электронды сауда алаңында сату 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін шегерілді. Оған дейін сала министрлігі бағаның негізсіз өсуін тежеу жолдарын белгілеп, ашықтық талаптары тетігін жетілдіруі керек. Сондай-ақ, алдағы бірнеше ай көлемінде мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңға бірқатар маңызды өзгертулер енгізіледі деп күтілуде.

Өткен айда облыстық кәсіпкерлер палатасы табиғи монополияларды реттеу департаментімен бірлесіп жиын өткізген. Онда кәсіпкерлер жоғары бағамен сатып алынған мұнай өнімдерін қайта есептеу, артық төленген қаражатты өндіріп беру, жергілікті операторлар берген өтімдердің толық қанағаттанбауы, сұйытылған газды әлеуметтік бағамен сатып алу, басқа да мәселелерді көтерген. Бұл мәселелердің ауқымдылығы ескеріліп, Кәсіпкерлер палатасында арнайы кең құрамдағы тағы бір кездесу өтті.

СБ Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»



Баға. Делдал. Алпауыттар Сұйытылған газ төңірегінде түйткіл көп



5-бет

Үш жыл және үдеден шыққан іс

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» «Kitap Qurtary» еріктілер клубының 3 жылдығына арналған шара өткізілді. Оған облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары жастармен жүздесуінде отандық және шетелдік әдебиеттердің өскелең ұрпақтың ой-санасының дамуына зор ықпал ететіні және «Kitap құрттарындағы» интел-

лектуалды жастардың арасынан жана есімдер шығару қажеттігін айтты. Сондай-ақ, облыс басшысының атынан «Сыр – Алаштың анасы» кітабын сыйға тартты. Іс-шара барысында белсен-



2-бет


● ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Отандық онлайн сауда платформасы бәсекеге қаншалықты қабілетті?

Қазір ел арасында электронды сауда күшейіп келеді. Бұл сатушы мен тұтынушы арасында өте қолайлы. Оған арнайы орынға барудың қажеті жоқ. Үйден шықпай-ақ компьютер немесе ұялы телефон арқылы барлық шаруаны тындыруға әбден болады. Жаңандық желі бетін аша қалсаңыз, мұндай онлайн сауда алаңдары толып тұр. Бірақ, олардың барлығы өзге елдерде құрастырылған. Тек қазақша домен алған. Осыдан кейін қаншама қаржының шетке кетіп жатқанын аңғару қиынға соға қоймас.

СБ Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

3-бет



● САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

«Жасыл» аймаққа өттік

4 ақпандағы мәлімет бойынша облыста коронавирус инфекциясын жұқтырған 38 адам тіркелді, 184 науқас емделіп шықты. Жалпы 2020 жылдан бері қауіпті індетпен 23 862 науқас тіркеліп, 22 603-і аурудан айықты.



Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «жасыл» аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары тұр. «Сары» аймақта Шымкент қаласы, Жамбыл, Манғыстау облыстары орналасқан. Ал Қызылорда, Түркістан облыстары «жасыл» аймақта. Бұған дейін Сыр өңірі «сары» аймақта болатын.

4 ақпандағы мәлімет бойынша елде коронавирус инфекциясын жұқтырған 6 648 жағдай тіркелді.

«СБ» ақпарат



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ: АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АУҚЫМЫ



Аймақ басшысы адам құқықтарын қорғау мәселелеріне жауапты тұлғаларды бірлесіп жұмыс істеуге шақырып, өңірдегі жағдайды сипаттады.

– Өздеріңіз білетіндей, қаңтар айының басында еліміздің тұтастығына нұқсан келтіруге бағытталған іс-қимылдар орын алды. Жаппай тәртіпсіздік салдарынан қаншама бейбіт тұрғын, сарбаздар мен тәртіп сақшылары қаза тапты. Осынау сұмдық кезеңде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жағдайды тұрақтандыру үшін жедел әрі батыл шешімдер қабылдап, халқымыз сын сағаттан аман өтті. Қазіргі кезде біз оқиғаның салдарын жою бағытында белсенді жұмыс атқарудамыз. Жаппай наразылықтың басты себебі әлеуметтік мәселелер

1-бет

болғандықтан, тұрғындарды диалог құруға шақырып, байланыс құралдарына түскен шағымдарды жедел түрде қарастырып, тез арада оның аясында шешімін табуға әрекет жасаймыз. Қоғамдағы және өңірдегі проблемалық мәселелерді бірлесіп шешу – мемлекет пен азаматтық ұйымдардың ортақ міндеті. Сол себепті, бастамаларға қолдау білдіріп, ортақ ұсыныстарды бірлесіп жүзеге асырамыз деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Азимова арнайы топ өкілдері бірқатар өңірді аралап, тұрғындардың заңды мүдделерін қорғау жағдайын саралайтынын жеткізді. Сондай-ақ, көмекке мұқтаж адамдарға психологиялық, әлеуметтік қолдау шаралары кешенді түрде іске

асырылуы керек екені айтылды.

– Осы кездесу алдында біз уақытша тергеу изоляторында болып, азаматтармен, құқық қорғау органдарының басшыларымен кездестік. Қамалғандардың істерін жеке-жеке қарап, мүмкіндік болса бұлтартпау шараларын барынша жеңілдетуді қарастыруды ұсындық. Әрі қарай көпбалалы аналармен жүзесуді жоспарлап отырмыз. Бұдан бұрын біз Алматы, Атырау, Шымкент өңірлерінде болдық, – деді ол.

«Адам құқықтары хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Жеміс Тұрмағамбетова алдағы уақытта мұндай оқиғалардың алдын алу үшін халықпен жиі кездесіп, тергеу амалдарының ашық жүргізілуіне қажетті бейне-камераларды жеткілікті деңгейде алу, полиция қызметкерлеріне

арналған бейнетіркеуіштердің санын арттыру, қоғамдық негізде заңгерлік көмек беру жолдарына ерекше мән берілсе деген ұсынысын жеткізді.

– Байқағанымыздай, митингке шыққандардың басым бөлігі – жұмыссыз жастар. Олармен жұмыс істеу мақсатында қоғам белсенділерімен кеңінен байланыс орнатып, оларды қолдау шараларын қарастыру қажет, – деді Жеміс Тұрмағамбетова.

Ал, Қызылорда облысы бойынша Ұлттық алдын алу тетігінің жетекшісі Серік Теңізбаев тұрғындармен ашық форматта жиі кездесіп, шешімін таппай жүрген мәселелерді қолға алу жолдарын бірлесіп қарастыру қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, кездесу барысында жұмыссыз жастарды қысқа мерзімді курстарда оқытып, еңбекпен қамту, тергеу изоляторында ұсталған азаматтарға медициналық және құқықтық көмек көрсету, көмекке мұқтаж азаматтармен ашық диалог құрып, қолдау көрсету жолдары талқыланды.

Облыс әкімі қиындыққа тап болған азаматтарға шұғыл арада медициналық көмектің тұрақты берілгенін және жұмыссыз азаматтарды қайта оқыту, оларды қабілетіне қарай кәсіби бейімдеу мәселелері үшін кешенді жұмыстар қолға алынатынын тілге тиек етті. Алдағы уақытта халықпен тұрақты түрде кездесіп, елді мекен тұрғындарының мәселелері сараланып, қаралатынын қаперге салды.

Жыны соңында адам құқықтарының сақталуына қызмет ететін азаматтармен жиі кездесу жүргізіліп, ұсыныстардың ескерілетіні айтылды.

САПАЛЫ ЖОЛДАР ҮЛЕСІ 75%-ке ЖЕТТІ

Пандемия шектеулеріне қарамастан облыстағы жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 2,5 есеге артып, 75%-ке жетті. Биыл бұл көрсеткішті 82%-ке жеткізу міндеті тұр. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеуімбаевтің есебін тыңдап, жол желісін дамыту бойынша атқарылатын жұмыстарды саралады.

Биыл аймақта жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен көшелерді және көпір өткелдерін жөндеуге республикалық бюджеттен 5,3 млрд теңге және облыстық бюджеттен 7,4 млрд теңге бөлініп, 239 шақырым жол желісін жөндеуден өткізу жоспарлануда.

Басқарма басшысы «Нұрлы жол», «Ауыл – ел бесігі», «Өңірлерді дамыту», «Кіші қалаларды дамыту»

бағдарламалары бойынша баяндады.

Жыл ішінде «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында құны 10,3 млрд теңгені құрайтын облыстық және аудандық маңызы бар жалпы 183 шақырымды құрайтын 34 жоба жүзеге асырылады. Ал, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 14 жобаға 1,6 млрд теңге бөлінді. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы

шеңберінде Қызылорда қаласы Бейбарыс сұлтан көшесінен Жібек жолы көшесіне дейінгі магистральды көше құрылысы аяқталады. Сондай-ақ, «Кіші қалаларды дамыту» бағдарламасы бойынша Арал қаласының 8 көшесін және Қазалы қаласының 10 көшесін қайта жаңарту жұмыстары жүзеге асырылады.

Биыл республикалық бюджеттің нақтылауға қосымша құны 16,4 млрд теңгені құрайтын 22 жобаны қаржыландыруға ұсыныс берілген. Оның 8-і – құрылыс және қайта жаңарту жұмыстары, 14-і – күрделі және орташа жөндеу бойынша жобалар.

Жынында жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мәселелері де сөз

болды. Есте болса, өткен жылдың 26 қазанында әуежайдың жаңа жолаушылар терминалын салу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға облыс әкімдігі, «Қорқыт ата әуежайы» АҚ және «Болат Өтемұратов қоры» қол қойды. Келісім бойынша Қор жобаны толық қаржыландыратын болады. Қазір жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, нысан құрылысын биыл бастау жоспарланып отыр.

Басқосуды қорытындылаған облыс әкімі басқарма басшысына «Қарлан» көпірін ерекше бақылауға алу және жол инфрақұрылымын жақсартуға санаға назар аударып, жобалардың уақытылы аяқталуын қадағалауды тапсырды.

Департаменттің жаңа басшысы

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен кадрлық өзгерістерге байланысты жазғы өтті.

Жиында Сыр еліне келген ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аппарат басшысы Қуаныш Жапақов Қызылорда облысы бойынша департаменттің жаңа басшысы Рустам Ақырзаевты таныстырды.

Басқосуға облыстық мәслихат хатшысы, құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Облыс әкімі Рустам Ақыр-

заевтың қызметіне сәттілік тілеп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қарқынды түрде бірлесіп атқаратынын сөз етті.

– Рустам Сапарбекұлын жаңа қызметімен құттықтай отырып, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді бірлескен түрде тиімді жүзеге асырамыз деп сенім арттамыз. Алдағы атқару жауапты қызметіңізге табыс, сәттілік тілейміз!, – деді облыс басшысы.

Рустам Ақырзаев 1978 жылы Қызылорда облысында туған. Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1999 жылы салық



полициясы органында бастаған.

2001-2018 жылдар аралығында қаржы полициясы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарында түрлі лауазымдарда еңбек еткен.

Оның ішінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары бойынша департамент басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

2018 жылдан бастап осы кезге дейін Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменттің басшысы қызметін атқарып келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Үш жыл және үдеден шыққан іс



Жүздесу барысында аталған клубтың негізін қалаушы Талғат Мендібаев ұйымның 3 жыл ішінде жасаған жұмыстарын таныстырды. Осы уақытта клуб құрамына түрлі саладағы ерікті және жанашыр азаматтар жиналып, буккроссинг,

1-бет

киноатайм, косплей-пати, «Кітап сыйла!» қайырымдылық іс-шаралары мен интеллектуалдық сайыстар өткізілген. Нәтижесінде кітап клубының аудандарда, жергілікті оқу орындарында филиалдары ашылды. Енді олардың қатарына Атырау облысындағы өкілдігі де қосылады.

Еріктілер тобы 2019 жылғы 2 ақпанда Қызылорда қаласында өз жұмысын бастады. Алғашқы уақытта волонтерлер тобында небәрі 7 адам болды. Қазір олардың саны 100-ге жетіп отыр. Олардың жас ерекшелігі 15-34 жас аралығын құрайды.

Еріктілер клубы жастардың

кітап оқуға қызығушылықтарын арттыруға назар аударды. Осы мақсатта отырыстар өткізіледі. Қазірге дейін барлығы 44 отырыс ұйымдастырылған. Еріктілер тобының жеке буккроссинг сөресі 2019 жылы қазан айында Жастар орталығы ғимаратында орналастырылды. Сол жылы аталған орталықта «Косплей party» ұйымдастырылды. Бұл шығармашылық шара жылына бір рет дәстүрлі түрде өткізіледі. 2019 жылы еріктілер тобы облыста «Ең үздік жаңа бастама» номинациясымен аймақ басшысының дипломымен марапатталды. Жүздесу барысында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жастарға үнемі ізденісте болып, жаңа білім менгеру арқылы өз-өзіне инвестиция салуға кеңес берді.

Кеш қонақтары кітап клубының аймақтың интеллектуалдық әлеуетін дамытып, креативті жастардың жан-жақты қолдауына қосқан үлесін жоғары бағалап, ізгі тілектерін білдірді.

«СБ» ақпарат

Аудан жаңалықтары

Аумақ ұлғайып келеді

Қызылорда. Қала әкімі Ганибек Қазантаев Талдыарал елді мекенінде болды. Ең алдымен ауыл шетінен көшіп келушілерге арналған жер учаскелеріне жүргізілетін инфрақұрылым жұмысының жай-жапсарымен танысты.

Қазірдің өзінде 250-ге жуық тұрғын орналасатын аумаққа тас жол төселген. Алда электр бағаналары орнатылып, ауызсу желісі тартылады. Мақсатты шаруа жыл соңына дейін аяқталады. Қала әкімі ақсақалдардың ұсынысына сәйкес, амбулатория мен футбол алаңын салу және ауызсу мұнарасын орнатуға мүмкіндіктер қарастыратынын айтты.

Ән падишасы – Роза

Арал. Аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен Қазақстанның Халық артисі, КСРО Халық артисі, Халық қаһарманы, күміс көмей әнші Роза Бағланованың 100 жылдығына орай «Ән падишасы – Роза» атты шығармашылық кездесу өтті.

Кездесудің қонағы ҚР Мәдениет саласының үздігі, Сыздықовтар отбасылық ансамблінің мүшесі, әнші Базар Қостаева болды. Ол Аралға жолы түскенде Роза Тәжібайқызының шаңырағында болып, дастарханнан дәм татқанын айтып, өнер иесінің пайымы, бекзат болмысы, тектілігі жайлы әсерлі естеліктерін бөлісті. Мәдениет орталығының директоры Маруся Нұрмағамбетова кеш қонағына құрмет көрсетті.

Жылу мәселесі пысықталды

Қазалы. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентіндегі «Қазалы-Теміржолжылу» филиалына барып, жылу орталығын аралады.

Айта кетейік, Әйтеке би кентін орталықтандырылған жылу энергиясымен «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы қамтамасыз етеді. Мәселен, орталықтан 12 теміржол, 65 тораптық және бюджетке қарасты 23 мекеме жылу энергиясын алады. Сонымен қатар, 4 бескабатты, 69 екікабатты тұрғын үй және 194 жеке тұрғын 2 мешіт жылумен қамтамасыз етіледі. Қазір тұтынушыларға жылу қалыпты берілуде. «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы директорының кеңесшісі Нұрылда Әбділаевтың айтуынша, жылудың орталықтан шығу температурасы 74 градусты көрсетсе, қайтуы – 58 градус.

Жыны соңында адам құқықтарының сақталуына қызмет ететін азаматтармен жиі кездесу жүргізіліп, ұсыныстардың ескерілетіні айтылды.

Көне жәдігерлер көрмесі

Қармақшы. Өрбір көлөнер туындысы – өз заманындағы адамдар мәдениетінің үлгісі, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақты көрінісі. Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Ұлттық көлөнер – тәрбие көзі» тақырыбында көрме жасақталып, оны №183 мектебі мен №250 мектеп-лицейінің оқушылары тамашалады.

Көрмеге аудан көлөнер шеберлерінің туындылары, музей қорында сақталған ағаштан және жүннен жасалған заттар қойылды. Іс-шараның мақсаты – қазақ халқының ұмытылып, назардан тыс қалып бара жатқан этнографиялық жәдігерлерінің сырын халыққа түсіндіріп, кеңінен насихаттап жеткізу.

Өзекті тақырыптар талқыланды

Жалаған. Аудан әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Онда үш мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама жасаған аудан әкімі аппараты құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Жарылқасинова жалпы құжат айналымы, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, жергілікті атқарушы органдардағы орындаушылық тәртіптің жағдайы туралы айтты. Аудан басшысы құжатталым жүйесіне бақылауды күшейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу және халықты жаппай вакциналауды күшейту туралы аудандық аурухананың бас дәрігері Е.Мақсұтов баяндама жасады. Аудандық мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы Б.Нұрмаханов өз саласы бойынша хабарлама жасады.

Тұрғындар тілегі ескерусіз қалмайды

Сырлария. Аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев бірқатар ауылдық округтерде болып, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдады.

Шаған ауылының тұрғындары жол, жарықтандыру және аяқса қажеттігін айтып, ұсыныстарын білдірді. Бұл елді мекенде Әби Омаров, Азбек Төлебаев көшелерін асфальттау мен жарықтандыру бойынша сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар ауыл көшелерін ретке келтіріп, тазалық жұмыстарын жүргізуді ауыл әкіміне тапсырды.

Жылды қорытындылады

Шнелі. Ауданаралық аурухананың мәжіліс залында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың төрағалығымен жылдық есеп беру жиыны өтті.

Есептік кездесуде аурухананың бас дәрігері Нұрлан Әмірұлы 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, ауданда Б3ақол мен Ақтам медициналық бекеттерінде жаңа амбулатория ашылды. Аудандық емханаға толық жабдықталған лабораториялық, стоматологиялық, акулистік, лор, акушер-гинекологиялық, елді мекендерге арналған профосмотрлық-скринингтік тексеру жүргізуге жылжымалы көлік берілді. Сонымен қатар ол осы жылға арналған жылдық жоспармен таныстырды. Басқарма басшысы атқарылған жұмыстарға тиісті бағасын берді.

База жасақталды

Жанақорған. НЕЕТ санатындағы жастардың дерекқор базасын жасақтау, оларды жоспарлы оқыту, жұмыспен қамту мен әлеуметтендіру бүгінгі күн тәртібіндегі ең маңызды мәселеге айналып отыр.

Осы бағыттағы аула аралау жұмыстарының нәтижелі әрі жүйелі болуы үшін аудандық ішкі саясат бөлімі мен жастар ресурстық орталығы қызметкерлерінен құралған жұмысшы топ 3 бағытта кент, ауылдық округтерді аралап, консультативті қызмет атқаруда.

Жұмысшы топ Жайылма, Сүттіқұдық, Қожамберді, Төменарық, Сунақата, Екпінді, Байкөне, Жаңарық, Қыркенсе, Машбек, Өзгент, Қожакент, Аққорған ауылдық округтерінде ауыл әкімдерімен кездесу өткізіп, жастар арасында сауалнама жүргізді.

Жұмыстар ақпан айының соңына дейін үздіксіз жалғасып, нақты нәтижеге бағытталмақ.

Дайындаған
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Жауапкершіліктің ең ауыр жүті – қазақ ұлтында

«Тәуелсіздік тарихындағы аса күрделі және қатерлі кезең» деп бағаланған «Қасіретті қаңтарға» 1 ай толды. Осы уақыт аралығында бұл оқиғаның себеп-салдары жайында жүздеген, мыңдаған пікір оқыдық. Санадағы сан сауалды мәні-жайды білетін сарапшыларға қойып жүрміз. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлымен сұхбатымызда да осы мәселелерге тереңірек үніліп көрдік.

– Мұрат Бақтиярұлы, қазіргідей қарбалас кезде уақыт бөлгеніңізге рахмет. Өзіңіз білетіңіздей, еліміз үлкен өзгерістер кезеңінде тұр. Айтқызышы, біздің қоғам қайда келді, қайда бет алып барады?

– Тәуелсіздіктің 30 жылында ештеңе жасалмады деп айтсақ, онда аға ұрпақтың, біздің буынның бүкіл еңбегін жокқа шығарғанымыз. Елдің егемендігін жариялап, шекараны бекітуде, нарықтық қатынас орнатуда, шетелдермен дипломатиялық байланыс жасауда, БҰҰ-ға мүше болуда үлкен еңбек атқарылды. Біз оны айтуымыз керек.

Бірақ, өкінішке қарай, кейінгі 10 жылдың көлемінде экономикалық өсім тоқтап қалды. Өйткені экономиканы нарықтық қатынасқа бейімделдік те, саяси реформалар тұралады. Өзі қоғамның саяси және экономикалық жағы болса, бізде «әуелі экономика, сонан кейін саясат» деді. Негізі 2007 жылдан бастап саяси реформа жасалуы керек болатын. Саяси реформалар, идеялар болмағандықтан кейін экономикалық реформалар формальды түрде қалып қойды. Мысалы, индустриалды-инновациялық бағдарламалар. Қаншама қаржы бөлінді, Парламентте бекітілді. Бірақ бұл қаржы шағын және орта кәсіпкерлікке емес, ірі бизнеске кетті. Нарыққа сәйкестендіріліп істелмегендіктен, оның қайтымы, тиімділігі болмады.

Екінші, ауыл шаруашылығына осы кезге дейін бөлінген қаржыда есеп жоқ. Неше түрлі бағдарлама жасалды, бірақ барлығы жартықалып қалды. Естеріңізде болса, 2015 жылы «Қазақстан 60 мың тонна етті экспортқа шығарды» деген өңгіме үлкен мінберлерден айтылды. Алайда сыртқа ет шығармақ түгілі өзімізді қамтамасыз ете алмай қалдық. Аграрлы ел бола тұра, өнімдердің 60 процентін өзіміз өндіреміз де, қалғанын сырттан алдық. Қараңызшы, қандай парадокс!

Үшінші біз саяси жүйеде бәсекелестік орната алмадық. Сайлаулардың барлығы формальды түрде өтті. Ең соңғы әділетті сайлау 2004 жылы болды. Содан кейінгі сайлаулардың барлығы алаулатып-жалаулатып атқарылды. Бұл адамдардың сайлауға, билікке деген сенімін жоғалтты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жергілікті әкімдіктер ауылдан бастап облыс әкіміне дейін сайлауға араласқан

жоқ. Барлығын бәсеке шешті. Мәселен, мен 1999 жылы нағыз саяси бәсекеде бес адамның ішінен облыстық мәслихат депутаттығына өттім.

Бұдан кейін әлеуметтік жағдай алға шықты. Көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандарға қаржы бөлу мәселесінде де теңсіздік пайда болды. Бір топ азамат қолына байлық жинап алды да, халықтың алжуаз тобы қорғансыз қалды. Олардың зар-мұңы, айқайы билікке жеткенімен, тыңдалмады. Мәселен Парламентте көтерілді, бірақ оған Үкімет назар аудармады. Өйткені саяси жүйе солай қалыптасты. Әйтпесе сайлау туралы заңға қатысты аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттар бір мандаттық округтен сайлануы, Мәжілістің өзіне партиялық тізім 50 процент болуы керектігін айттық.

Адамдардың баспанаға мұқтаждығы мәселесін жылдар бойы шеше алмадық. Қазақстан сияқты 19 млн халқы бар мемлекетте бұл проблема болмауы тиіс еді. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмен болғандықтан кейін, оны ортадағы жүргендер, билік тыңдамағандықтан кейін, әрине ашынды. Бізге де ашты әңгімелер айтылып жүрді, оны жеткіздік, түбі дұрыс болмайтынын сездік. Газ, жанармай, азық-түлік бағасынан басталған бейбіт митингтің ақыры осыған апарып соқты. Бұл жердегі үлкен қателік – саяси жүйенің өзгермеуінде, тиімділігі болмады.

Қазір біраз реформаның басталғанын көріп отырмыз. «Самұрық-Қазынаның» мемлекет ішіндегі мемлекет, басы артық құрылым екенін айттық. Өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғы мен 80-жылдарының басындағы кезеңге саясаттанушылар мен тарихшылар тоқырау деп баға бергенін білесізде. Сол сияқты, 2013 жылдардан бастап біздің қоғам барлық жағынан, әлеуметтік, экономикалық, ең қиыны саяси жағынан тоқырауға ұшырай бастады. Енді одан шығу үшін міндетті түрде әлеуметтік, экономикалық және саяси реформа қатар жүруі керек. Бірінен бірі кеш қалмауы тиіс. Қоғамды экономиканы базис, саяси жағын қондырма дейді. Осы базис пен қондырма қатар жүретін болса, экономикалық реформа бәрібір тығырыққа тіреледі. Президент өз сұхбатында Парламентке, саяси партияларға, жалпы саяси жүйеге қатысты өзгерістер болатынын айтты.

– Жасыратыны жоқ,



қоғамдағы толқыныс жұмыссыздық пен кедейліктен туындайды. Жақында «елімізде 2 миллион адам екі қолға бір күрек таппай жүр, 1 миллионда жұмыс бала кезде отбасында тұрып жатыр» деп, осы кезге дейінгі статистиканың шынайы өмірден қаншалықты ақиқат жатқанын айттыңыз. Өзіңіз жазған айтқандай, тәтті отіріктен ашы шындық анаұрлым артық. Ендігі жерде жоқсыраған жүзіңіз өзгертуіңіз амалы көріне ме?

– Иә, жұмыссыздыққа байланысты болсын, мал басына қатысты болсын, адамдардың өмір сүру сапасына, күнкөріс деңгейіне байланысты болсын, азық-түлік бағасына қатысты болсын біздің статистика мен шынайы өмір бір-бірімен сәйкес келмейді. Бұл мәселені депутаттық сауал ретінде Үкімет басшысына жібердік. Ол – бұрын Статистика агенттігін басқарған азамат.

Біздің қолымызда шыныдақ жанапайтын 2021 жылдың деректері бар. Өзі-өзін жұмыспен қамтамасыз еткендер де жұмыссыздық категориясына жатады. Мәселен, «пәлен мың адамды жұмыспен қамтамасыз еттік» дегені – маусымдық уақытша жұмыс. Сондықтан ашы болса да, статистиканы жөндеу керек. Өйткені статистикаға байланысты бюджет түзіледі. Қазір Италияда жұмыссыздық 23 процент, бізде 4,5 процент. Ақылға сыйымсыз емес пе? Статистиканы түзген соң, жұмыссыздықпен күрес-

тің нақты, жүйелі іс-шаралары қабылдануы керек. Жұмыссыздар қай категорияға жататынын нақтылаған дұрыс. Ауыл тұрғындары, жастар, әсіресе оқи алмай калған, оқуын бітіріп жұмыссыз жүргендер туралы дерек бар. Сосын жоғары оқу орындарының рейтингінен түлектерінің жұмысқа орналасуы туралы бөлімді алып тастау керек. Оқу бітіргендерден бір мекемеден құжат әкел деп талап етілмесін. «Бітірушілердің 70 проценті жұмысқа тұрды» деген – өтірік анықтамалардан құралған көрсеткіш.

– Білім саласына, оның ішінде шетел асып кетіп жатқан қазақтың алғыр жастарына алаңдан жүрсіз. Мұндай тығырыққа тірелудің басы неден? Президент сұхбатында Батыс пен Ресей біліміне қатысты пайымды ой білдірді. Алып-қосарыңыз бар ма?

– Бұрын талапты, ойы озық жастардың шетелге кеткеніне алаңдайтын едім. Кейінгі кезде көзқарасым өзгерді. Мемлекетіміздегі шенеуніктердің, байлардың балаларының барлығы шетелдерде оқиды. Олардың еліміздің жоғары оқу орындарда оқитынын естіген емеспін. Өз балаларым елімізде оқып, білім алды.

Бізде жоғары білім беру саласында проблема көп. Шетелдің болсын, еліміздің болсын университеттерін бітірген жас мамандарымыз елге қажет емес. Біріншіден жұмыс табылмайды, екіншіден

айлық жалақысы өте төмен. Үй, көлік алмақ түгілі, қара басына жетпейді. Сондықтан жастардың талабы болса, шетелге кеткенін құптаймын. Мүмкіндігі бар болса, барсын. Өйткені мемлекет оларға лайықты жағдай жасай алмай отыр. Адамды жұмысқа алғанда ең алдымен материалдық жағдайы бірінші кезекте тұруы тиіс. Оны жасай алмайынша, жастардың кеткені кеткен!

Жоғары оқу орындарына қатысты Президенттің айтқанынан да әрірек тереңдеген болар едім. Біздегі көптеген университетті, әсіресе өңірлік университеттерді шетелдік ірі оқу орындарына басқаруға беруді құптаймын. Мәселен, Англияның бір оқу орны кез келген өңірдегі университетті басқарушылыққа алса, қаржы салады, студенттерді екі елде оқытады. Бұл саладағы тап-таурын әдістердің, бағыз лекциялар мен семинар сабақтардың уақыты өтті. Өңірлік университеттердегі ескі бағдарлама үшін оларды кінәлауға болмайды, өйткені мемлекеттік оқу стандарттары солай. Бұрынғы бір диплом өмір бойына жарайды деген қағида қалды, қазір өмір бақи оқу керек. Шетелдік оқу орындары университеттерді өзінше басқарушылыққа алса, еңбек нарығына керекті, бәсекеге қабілетті мамандар дайындайды деп ойлаймын.

Жалпы жоғары ғана емес орта білім беру саласына да күрделі өзгерістер жасалуы керек. Бірінші сыныптан бастап оқулықтар туралы мәселе көтерілді. Әлемдік білім мен ғылымның көш басындағы Жапонияда бастауыш сыныпта 5-ақ кітап оқытады – математика, табиғаттану, жапон тілі, қоғамда, ортада өзін ұстау, ата-ананы сыйлау. Бізде ағылшын тілі, орыс тілі ... баланың миы атала. Тек білім, білім, білім ал тәрбие қайда қалды?

Қазір әлеуметтік желіде белсенді буын – 80-жылдардың аяғында туып, 90-жылдары білім алғандар. Меніңше, біз білімді айтып, тәрбиені кейінге ысырып тастадық. Отбасы құндылықтарынан айырылып қалдық. Үлкенді, әке-шешені сыйлау дегенді қойдық. Бұл – орта білім саласының ең үлкен қателігі. Мұның әлі талай зардабын тартамыз ба деп қорқам. Адамның өміріне түкке қажеті жоқ пәндерді қысқартып, тәрбиеге мән беру керек.

– Бүгінде Сырдың суының жағдайы өте күрделі. Бұл мемлекетаралық деңгейде шешілетін мәселе екенін білеміз. Бірақ қарап отыруға болмайды ғой...

– Еліміз бойынша Іленің, Жайықтың, Ертістің, Сырдың суы азайып барады. Сырдарияның суы туралы жақын арада мәліметтер алдық. Былтырға қарағанда да су деңгейі төмен болуы мүмкін. БҰҰ қолдаған халықаралық

келісім-шарттар бар болғанымен, өзімізге тиесілі суды ала алмай отырмыз. Бұл – Президенттер, Премьер-министрлер арасында шешілетін мәселе. Қазір депутаттық сауал дайындап жатырмыз. Күрші егісі, азық-түлік қауіпсіздігі өз алдына, ең басты мәселе – Қызылорданың экологиясы. Аймақ шөлге айналып кетпей ме, Кіші Арал тартылып қалмай ма, 800 мың халықтың тағдыры не болмақ, халық үдере көшіп кетпей ме? Бұл бәрімізді алаңдатып отыр. Бұған біздің мемлекеттің ғана емес, әлемдік қауымдастықтың, БҰҰ-ның назарын аударту керек. Егер Кіші Арал тартылса, оның тұзы Еуропа мемлекеттеріне жетеді. Бұл – үлкен апат. Облыс әкімінің немесе министрінің қолында ештеңе тұрған жоқ. Аралды құтқарудың түрлі жобалары бар.

Екінші мәселе, Сыр бойындағы халықтың 70-80 проценті мал ұстайды, егін егеді. Су болмаса, олардың жағдайы нешкі? Дарияның суы кетсе, жерасты суы да төмендейді, құдықтарға да су шықпай қалады. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттері басшыларының деңгейінде шешілетін түйткіл. Негізінде әркім өз міндетін орындап, өзіне тиесілі су үлесін алуы керек. Егер Қазақстан өз үлесін алмаса, Арал экологиясы зардабын жоғарыда аталған мемлекеттердің барлығы тартады. Бұл ретте бәрі ақылмен, сабырмен, келіссөз арқылы шешілуі тиіс.

– Әлеуметтік желілердегі қоғамның көңіл-күйін күнделікті көріп отырмыз. Алтыбақан алауыздық, бірінің сөзіне екіншісі қоңақ бермеуінің жайында жемтік. Идеология қайда бара жатыр, осындайда ұлтты не біріктіреді деп ойлайсыз?

– Жоғарыда айтып өттім, тәрбиенің тінін босатып алдық. Бұған билік те, қоғам да кінәлі. Біз жоғалтып алған отбасы құндылығының ішіне бәрі кіреді. Тәрбиелі бала ең алдымен әке-шешесін, яғни үлкенді сыйлайды.

Бұл жерде жауапкершіліктің ең ауыр жүгі қазақ ұлтында. Ұлттың жауапкершілігін арттыру үшін материалдық, әлеуметтік жағдайын жақсарту керек. Сонда балаларына тәрбие, білім беруге, денсаулығын қаратпауға мүмкіндік алады.

Қазақтың басын біріктіретін – тілі, дәстүрі, тәрбиесі. Ондаған бағдарлама түзіп, жүздеген конференция, мыңдаған кездесу жасағанмен, барлығы бос сөз. Тәрбиеге көнбейтін адам жоқ, сондықтан осыны мықтап қолға алсақ, бұдан да өтеміз деп ойлаймын.

– Өңгімеңізге рахмет.

Өңгімелескен Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

Отандық онлайн сауда платформасы бәсекеге қаншалықты қабілетті?

Әрине, бұл қомақты қаржыны қажет ететіні белгілі. Елімізде оны жасайтын мықты мамандар қатары аз емес. Біліктілер ауқымды жобаны қолға алуға ниетті. Қаржының жоқтығынан қолы қысқа. Осылайша елімізде өзге жақтан келген электронды сауда алаңдары басымдық алып кетті.

Қазақстандық мамандар сол оқалықтың орнын толтыруға кірісті. Қазір жаһандық желіде «Gosauda» доменімен алғашқы отандық сауда алаңы жұмысын бастады. Аталған платформа елімізбен бірге Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркия секілді түркітілдес мемлекеттердің де аумағын қамтиды. Оған қоса ТМД елдері тұрғындарының сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік алды.

«Бұл жоба 2017 жылдан бері жүзеге аса бастады. Алғашқы идеяны қарағандылық Жандос Өшірбеков пен Думан Итенов сынды азаматтар қолға алды. Оған дейін сол өңірде ет сатумен айналысып келген жігіттер бұл бағытта арнайы платформа ашу мәселесін ойластырады. Алайда, ол маусымдық шаруа екенін түсініп, кейіннен барлық саладағы сауда-



саттықты қамтитын электронды жүйе қажет екеніне көз жеткізді. Осылайша жаңа идея қанатын кеңге жайды. Осы мақсатта олар жанына IT саласы мамандары және сауда платформасынан хабарлар жігіттерді топтастырды. Нәтижесінде жаңа жобаның тұсауы кесілді. Десе де оған кем дегенде 250 мың АҚШ доллары қажет еді. Бұл бағытта қаржылы компаниялар мен инвесторлар іздеуге тырысты. Жобаға Ресей мен Сингапурдан қызығушылық білдірген азаматтар болды. Олардың та-

лабы – тапқан пайданың тең жартысын ортақ бөліп отыру. Тағы бір айта кетерлігі, мұндай жағдайда идеяны отандық деп бағалаудың реті жоқ болатын. Ақылдаса келе «Gosauda» компаниясының 40 проценттік үлесін қазақстандық нарыққа саудаға шығарды. Оған қызығушылық білдірген әрбір азамат қол жеткізе алады, – дегенді айтады «Gosauda» компаниясының батыс өңірлік директорлары Бекзат Сәбитов пен Болат Әбдуәлиев.

Қазіргі таңда компанияның үлесін алуға ықылас білдірген

адамдар саны көбейіп келеді. Осылайша онлайн сауда алаңы тиімділігін және табыс табуға болатынын дәлелдеді. Жобаның тағы бір ерекшелігі – тұтынушы мен сатушы арасында ешқандай делдал болмайды. Мәселен, сатып алушы 50 мың теңгеге компьютер алғысы келді дейік, кәсіпкердің қолында ол 70 мың теңге тұрады, екеуі сілтеме арқылы сатушының жарнама-сы орналастырылған Instagram парақшасы мен YouTube арнасын қарап шығуыңызға болады.

– Біздің сауда алаңына жаңадан тіркелген адам 200 бірлік виртуалды ақшаға қол жеткізе алады. Оны қолма-қол ақшаға айналдыра алмайсыз. Десе де, оны платформа ішінде төлем ретінде пайдалануға жол ашық. Мәселен, алғашқы 100 жарнаманы тегін жариялай аласыз. Қазір аталған платформаны Түркияда іске қосуға назар аударып отырмыз. Сол арқылы бір елде арзан тұратын

тауарды екіншісіне жеткізуге мүмкіндік бар. Қызылорда қаласында тұрып-ақ түрік кәсіпкерлерімен хабарласып, сапалы және арзан тауарларды алуыңызға болады. Бұл үшін платформа арнайы онлайн аударма жүйесі іске қосылған. Сондай-ақ, оны онлайн сауда алаңы тарайтын өзге елдерде де қалай жаратуға жағдай жасалған. Оған қоса қазақстандық кәсіпкерлер өз өнімін өзгелерге сата алады, – дейді Б.Сәбитов.

Аталған платформаны iOS және Android мобильдік операция жүйесіндегі App Store және Play Market қосымшаларынан жүктеуге болады. Сервис өзіндік әртүрлі санаттағы іздеген дүниені таба аласыз. Атап айтқанда, жылжымайтын мүлік, құрылыс, сән, транспорт, балалар әлемі, электроника, тұрғын үй мен кенсе тауарлары, қызмет көрсету саласы, жануарлар әлемі, денсаулық және өзге де тақырыптар бар.

– Сөз басында айтқанымыздай, өзге мемлекеттерде жасалған сауда платформасының барлығы тұтынушылар сұранысын толық қанағаттандырып отыр. Мәселен, қазір елімізде екінші бірі пайдаланып жүрген OLX ком-

паниясының штаб-пәтері Аргентина астанасы – Буэнос-Айрес қаласында тіркелген. Ал әлемдік AliExpress сауда алаңы мен Uber жүйесінің негізгі мекені Қытайда. Қазақстандық такси жүргізушілер жиі пайдаланатын Яндекс taxi мен inDriver жүйелері Ресейдің екенін бәріміз жақсы білеміз. Алдағы уақытта біздің онлайн-платформа осындай іргелі компаниялар қатарына көтеріледі деп ойлаймыз, – дейді Б.Әбдуәлиев.

Жер-жаһандағы өзгерістен біздің еліміз де шет қала алмайды. Әлем жұртшылығы онлайн сауданың өрісі кеңейіп түскенін көріп отыр. Бұл алдымен әрбір адамның уақытын үнемдеуге жол ашды. Расын айтқанда, пандемия басталғанша елімізде онлайн сауда жоғары деңгейде дами қойған жоқ. Қазіргі уақытта жұртшылық тамақ пен киімге онлайн тапсырыс беру елінің шебер меңгеріп алды. Қысқа уақыт ішінде оның құры-сырын меңгеріп, дамуына үлкен үлес қосты. Сондықтан әлемдік деңгейдегі әйгілі компаниялармен бәсекеге түсуге күш салған қазақстандық компания нарықтық бәсекеде бөделін айқындай түседі деп білеміз.

● ТАЛҚЫ

КЕДЕЙЛІКТІ ЕҢСЕРУДІҢ КӨЗІ – ӨНДІРІС

Пандемия мен дағдарыс ел экономикасына айтарлықтай әсер етіп отырғаны рас. Осыған байланысты уақыт талабына қарай жаңа міндеттер де айқындалуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды қолға алу көректігін айтқан болатын. Бұл ретте Президент бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым деді. Десе де, кәсіпкерлер күнделікті жұмыс барысында түрлі кедергілерге кездесіп жатады. Шағын және орта бизнес саласын дамытуға пәрмен берілгенімен, түйіні тарқатылмаған мәселе көп.

Иә, кейінгі үш жыл отандық кәсіпкерлерге оңай тимегені анық. Жаңа өзгерістерге сәйкес олар жасап жатқан кәсібін ауыстырып, өзге салаға кетті немесе басқа кәсіп түріне бейімделе бастады. Бұл, әрине, уақыттың талабы еді. Мәселен, кәсіпкерлер тойхана, мейрамханаларын жауып, азық-түлік сататын дүкен немесе асхана, балаларға арналған орталық секілді бизнеспен айналысуына тура келді. Бізде кәсіпкерлер неге белгілі бір өнім шығару немесе шағын цехтар ашудан гөрі алып сатуды жөн көреді? Отандық өнімнің дамуына не кедергі? Осы және басқа да мәселелер төңірегінде біз «Талқы» айдарында тақырыпты талқылаған едік. Сонымен пікір алмасуда «Квант» Қызылорда механикалық зауытының директоры Жаңабай Бекішев, «Шиелі құс» фермасының басшысы Насырбек Мырзабеков, «Атамекен» ұлттық палатасы облыстық филиалының директоры Ғалымбек Жақсылықов болды. Ашық диалогты газеттің аға тілшісі Айсәуле Қарапаева жүргізді.

А.Қарапаева:
– Білуімізше, кейінгі бес жыл ішінде шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 24-тен 32 процентке дейін артқан. Салада еңбек ететін азаматтардың саны 21 процентке, яғни 3,4 миллионға дейін өскен. Алайда былтырғы жылы V республикалық кәсіпкерлер форумында 1 млн-ға жуық кәсіпкерлік субъектісі салықтан жалтарып отырғаны айтылған еді. Бұл – айналып келгенде мемлекеттің қазанын ортайтатын дүние. Кейбір кәсіпкерлер салық төлеуден неге қашақтайды? Көлеңкелі экономиканы болдырмас үшін не істеу керек? Алдымен осы тұрғыда ой бөліссеніздер?

Жаңабай Бекішев:
– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан құрудағы барлық іс-әрекеттерін құптаймын. Бұрынғы сарынмен жүруге болмайды, әрине. Бірақ нақты іс-шараларды біз әлі сезінбей отырмыз. Жақсылықтан үмітіміз бар. Өзім 20 жылдан аса кәсіппен айналысып келемін. Өз кәсібімнен пайда тапқаннан кейін мемлекетке салықты төлеу міндетіміз. Салықтан жалтаратындар туралы да естіп жатамыз. Қытай компанияларымен, алпауыт олигархтармен байланысқан



Ғалымбек Жақсылықов

компаниялар салық төлемейді дегенін естігенмін. Ал кіші кәсіпкерлер салықтан жалтарыуына негіз жоқ. Салық органдары қызметкерлері тарапынан жүргізілетін қысымшылықтарды да жасырмаймыз. Олар бізге әсер етеді. Соған қарамастан жұмыс істеудеміз. Салық жүйесін өзгертетін кез келді. Мәселен, Үндістанда кәсіпкердің есеп шотына ақша түскенде содан белгілі бір мөлшерде салық ұсталып қалады екен. Одан кейін кәсіпкер қалған ақшасын қайда жұмсаймын десе де өзі біледі. Ешқандай салық ұсталмайды. Бізде түр-түрін білмейміз. Тіпті санын да білмеймін. Оны есепші мамандарымыз есептеп жатады. Жалпы процентке шағатын болсақ, барлық тапқан пайдамыздан 30-35 процент салық төлейміз. Осындай заңсыз қысымшылық жасалғанда салықтан жалтарыу мүмкін. Мұндай жалтаратындардың көбі – құрылыс мекемелері. Олардың барлығы бюджет қаржысын игеріп жатады. Белгілі бір мөлшерін тапсырыс берушімен бөлісіп отыратыны жасырын емес. Оның ішінде тағы басқа да салықтар бар. Өтірік шот-фактуралар сатып алуға мәжбүр болады.

Насырбек Мырзабеков:

– Көлеңкелі экономиканы болдырмас үшін әр кәсіпкердің есеп шоттарын қарап отырған дұрыс. Келешекте нақты ақшамен есеп айырысуды тоқтатып, тек аударыммен жұмыс істесе, тапқан табысы да көрініп тұрар еді. Одан белгілі бір мөлшерде салық алыну керек.

Ғалымбек Жақсылықов:

– Кәсіпкерлердің жиі кездесетін проблемасы – заңнамалық құжаттарда көрсетілген талаптардың орындалмауы. Жақында ғана облыс әкімінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа тұжырымдамалық жобасын талқылау өтті. Шарада Кәсіпкерлер палатасы атынан хабарлама жасап, саладағы проблемаларды көтердім. Былтыр Палатаға кәсіпкерлерден 541 өтініш түсті. Оның 136-сы бизнесті қорғау бағытындағы шағымдар. Сарапшылар түскен өтініштердің 40 процентінде (51) оң шешімге қол жеткізе алды. Нәтижесінде 1000-нан аса кәсіпкердің құқығы қорғалды. Қосымша 965,2 млн теңге қаржысын да сақтап қалды. Кәсіпкерлерден құқығын қорғауды сұраған 136 өтініштің 44-і жер мәселесіне қатысты болып отыр. Бұл алаңдатарлық жайт. Кәсіпкерлерде мәселе өте көп. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары 1-2 салаға тоқтап кетейін. Жер қатынастары саласындағы заңнамаға сәйкес аукцион өткізілетіні туралы алдын ала кәсіпкерлер хабардар етілуі керек. Бірақ қала, аудан әкімдіктері бұқаралық ақпарат құралдарында да, кейде ресми интернет-ресурстарында да жария-



Жаңабай Бекішев

ламай отыр. Жер комиссиясы отырыстарының ашықтығын қамтамасыз ету үшін аудио, бейнежазба жүргізілуі керек, жергілікті атқарушы органдарымен бұл талап та орындалмай отыр.

Аукцион жарияланғанда жер учаскелерінің нақты мекен-жайы көрсетілген орналасу сызбасы қоса жариялану қажет. Бұл талап та орындалмай, сол жағалаудан жер алған кәсіпкерлердің кейбірі тіпті ұтқан жерлерінің қайда орналасқанын да білмейді. Облыс әкімінен осы мәселелерге қатысты жауапты мемлекеттік органдарға нормативтік-құқықтық акті бойынша талаптардың орындалуына тапсырма беруін сұрадым. Бұл кәсіпкерлерде кездесетін мәселелердің бір бөлігі ғана.

Өзім де кәсіпкер болып көрдім. Сол тәжірибемнен де айтайын, жалпы салық жүйесі барынша оңтайландырылу керек.

А.Қарапаева:

– Кәсіпкерлер кейінгі үш жылда қиын кезеңдерден өтуде. Бұрынғыдай тауардың өтімі жоқ екенін де білеміз. Кейбір кәсіпкерлер заман сұранысына сай басқа салаға ауысып не кәсібін қызмет көрсету саласына өзгертті. Өңірдің кәсіпкерлері тек тойхана ашудан шектелетін секілді көрінеді маған. Басқа шағын өндіріс орындарын, фабрика не цехтар неге ашпақса?

Жаңабай Бекішев:

– Кәсіпкерліктің барлық саласына кейінгі жылдар өте ауыр тиді. Оның салалары бір-бірімен тығыз байланысты. Бірінің затын бірі алады деген секілді. Сондықтан барлығы киналды. Бізде кәсіптің қызмет көрсету түрі жақсы жұмыс жасайды да, өнім шығару жағы кемшін. Өйткені, өндіріске кез келген адам бара бермейді. Ол үлкен қаржыны, табандылықты талап етеді. Тіпті үлкен олигархтардың өзі өндіріс ашуға құлықсыз. Одан пайда көлемі аз. Дегенмен, өндіріссіз де күніміз жоқ. Соның салдарынан шетелге тәуелді болып, шикізат сататын мемлекет болып отырмыз. Мәселен, Өзбекстан бірде-бір шикізатты сыртқа шығармайды. Алтын өндіруден алдыңғы орында болғанына қарамастан, оны шикізат ретінде шығармай, тек бұйым түрінде сатады. Мемлекет оған шектеу салған. Бізде мемлекет тарапынан өндіріс ашуға үлкен қолдау керек. Елдегі кедейлікті жоюдың бірден-бір көзі өндіріс орындарын ашып, адамдарды тұрақты жұмыспен қамту. Ай сайын алатын тұрақты жалақысы бар адам алаңдай бермейді. Өндіріс орындарын көптеп ашсақ, бағаны да реттер едік. Несие алып, кәсіп ашқысы келетіндер көп. Бірақ біздегі екінші деңгейлі банктердің жылдық мөлшері өте жоғары. «Даму» қоры арқылы 6 процентпен де қаржы



Насырбек Мырзабеков

алып жұмыс істеу дәл қазіргі кезде қиын. Оны төлей де алмаймыз.

Ғалымбек Жақсылықов:

– Жалпы өнім шығару өте күрделі процесс. Оны кәсіпкер болып, өнім шығарумен айналысып көрген адам жақсы түсінеді. Кәсіппен айналысуда рентабельді бизнес түрін таңдаған әріптестеріме құрметпен қараймын. Ал шағын цехтар ашпайды деген сұрағыңызға қатысты: ол үшін жергілікті атқарушы орган тиісті инфрақұрылымды әзірлеп, көмек көрсету керек. Оның орындалу деңгейі – ол енді басқа әңгіме.

А.Қарапаева:

– Қандай да бір кәсіп бастау үшін алдымен қаржы керек екені түсінікті. Алайда сол қаражаттың жоқтығы қолбайлау болып, идеясын іске асыра алмай жүргендер де жетерлік. Мемлекет басшысының тапсырмасымен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үшін «бизнеске адалдық презумпциясы» қағидаты заң жүзінде бекітілді. Бұл даулы және түсініксіз мәселелерді кәсіпкерлердің пайдасына шешуге мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнесті үш жылға дейін тексеруден босату туралы мораторий күшіне еніп, нәтижесінде мұндай субъектілерді тексеру көлемі 8 есе қысқарды. Алайда аталған саланың бойына әлі де болса қан жүгірмей тұр. Әсіресе субсидия беру мәселесінде ашықтық, жариялылық жоқ. Субсидия алуды жеңілдету, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігін Президент те айтты. Оны бөлу ересінде белгіленген сәйкестік көптеген критерийлердің түсініксіздігінен сыбайлас жемқорлыққа жол береді. Жалпы субсидия алуда кәсіпкерлер қандай кедергілермен бетпе-бет келеді?

Жаңабай Бекішев:

– Ауыл шаруашылығын дамытуда субсидиясыз жүру қиын. Оны алуда сыбайластықтың орын алатынын да жасырмаймыз. Барлық жерге субсидия әкімшілік арқылы келеді. Сондықтан ауыл шаруашылығының дамымай отырғаны осы. Кейбір жеңілдетілген несиелер әкімшілік арқылы келеді. Оған жариялылық жасамай, таныс-тамырына бөліп беретіндерін білеміз. Жергілікті әкімшілікпен жұмыс істеу өте қиын. Отандық өнім бізде саусақпен санарлық. Ол көп болмағандықтан, бәсекеге шыдамайды. Егер бізде ауыл шаруашылық өнімдері көп болатын болса, сыртқа тәуелділік азаяды. Тасымалдау мәселесі де өздігінен шешіле түсер еді. Жергілікті жердің өнімі нарықты да тұрақтандырған болар еді.

Ал тұрақтылық экономикалық өсімге апарар жол.

А.Қарапаева:

– Насырбек Аябекұлы, сіз айтқыңызшы, бір сұхбатыңызда бес жылдан бері субсидия ала алмай келе жатқаныңызды жеткіздіңіз. Оның жайы қалай болды?

– Рас, мен 5 жылдан бері ешқандай субсидияға қол жеткізе алмай келемін. Өйткені жұмыртқа өндіруге субсидия өте жоғары нормативпен беріледі. Шағын шаруашылықтарға субсидия беру жағын жеңілдетіп, нормативтік шектеуді қайта қарау керек. Үлкен кәсіпкерлер, шаруашылықтар алып жатыр. Субсидия мәселесі қайта пысықталмай болмайды. Кәсіпкерлердің бетпе-бет келетін кедергілері әлі де жетерлік. Мәселен, екінші деңгейлі банктерден несие алу қиын. Көп құжат, есеп, кепіл талап етеді. Салық саясатын да оңтайландыру керек. Кәсіпкерлерге жергілікті билік ынта-ықылас танытса дейміз.

Ғалымбек Жақсылықов:

– Дұрыс айтасыз, субсидияға қатысты да проблема бар. Былтыр Палатаға осы мәселемен 13 өтініш түсті. Саладағы бюрократиядан, ақпараттық жүйелердің күрделілігі мен талаптарда кездесетін қиындықтардан кәсіпкерлер зардап шегіп отыр. Оған берілген қаржы бірнеше жылдан кейін «құжаттарда қателік кетті» деген желеумен қайта қайтаруды талап етілуі мүмкін. Сондықтан, тексеруші органдардан (Қаржы полициясы, Прокуратура, Ішкі аудит қызметі, т.б. органдар) субсидияның заңсыз берілуін тексеру барысында кәсіпкерлерге мейлінше зияны тимейтін жағын қарастыруды ұсынамыз. Біздің жағдайымызда, субсидия алған кәсіпкердің емес, оған дейін құжаттарын тексеріп, қабылдап алған жергілікті атқарушы органның қателігі. Осы жағы ескерілу керек. Сондай шағымдардың біріне ғана тоқталып өтсем. Қызылорда облысының шаруалары бір құжаттың салдарынан 20,6 млн теңгені мемлекетке қайтаруға мәжбүр болған еді. Кәсіпкерлер палатасының заңгерлері жауапты органдармен дер кезінде түсіндірме хатын алып, мәселені шешіп берді.

2021 жылдың қазанында Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасына бір топ шаруа қожалық иелерінен ұжымдық өтініш түсті. Өтініште шаруалар жергілікті атқарушы орган мемлекеттен алған субсидияны қайтаруды талап етіп жатқанын жеткізді.

«Шаруа қожалықтары 2019 жылы күрішті өндіру шығындарын ішінара өтеуге бөлінген субсидияны алған болатынбыз. Алайда 6 қазанда ауыл шаруашылығы басқармасынан 14 күннің ішінде субсидияға берілген қаржыны қайтару туралы хат алдық. Аталған мәселені шешуге көмек көрсетулеріңізді сұраймыз», – деп жазылған шаруалардан түскен хатта.

Жеті шаруа қожалықтан қайтаруды қажет ететін сома 20,6 млн теңгені құрайды.

Жергілікті атқарушы орган кәсіпкерлер субсидияны алуға арналған өтінімді беру барысында өңдеуші кәсіпорынымен жасаған ауыл шаруашылығы өнімін тапсыру туралы шарттарды тіркемеген деп отыр, яғни субсидия заңсыз төленген деп тұжырымдаған.

Кәсіпкерлер палатасының сарапшылары аталған бағытта субсидияны төлеуге арналған нормативтік-құқықтық құжаттарды толықтай зерттеп, шаруалардың құжатынан қателік таппады.

Кәсіпкерлер өтінім беру барысында келісім-шарттардың сканерленген нұсқасын тіркемегенімен құжаттың нөмірін, қол қойылған күнін көрсеткен. Бұл жағдайда нақты бағасын уәкілетті орган ғана бере алады. Сол үшін біз өтінімге қоса шарттық сканерленген көшірмесін тіркеу міндеттілігіне қатысты түсіндірме беруді сұрап Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жаздық. Министрлік Кәсіпкерлер палатасына көп күттірмей жауабын жолдады. Онда: «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығымен бекітілген «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында» өтінімге қосымша ауыл шаруашылық тауарын өндірушілердің өңдеуші кәсіпорынымен жасалған ауыл шаруашылығы өнімін тапсыру туралы шарттардың сканерленген көшірмесін тіркеу талабы көрсетілмеген», – деп жазылған. Бұл түсіндірме хат кәсіпкерлер тарапынан кемшілік жіберілмегенін дәлелдеді. Нәтижесінде облыстың ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер мемлекеттен бөлінген субсидияны қайтармай, 20,6 млн теңгесін сақтап қалды.

А.Қарапаева:

– «Атамекен» ұлттық палатасының облыстық филиалына кәсіпкерлер көбіне қандай шағымдармен келеді?



және ЖҰМЫС

Жаңабай Бекішев:

«Атамекен» палатасының қолынан көп жұмыс келгенімен, қауқарсыз. Себебі, оларға түскен шағымдарды карап, тек ұсыныстар береді. Оның қолында күш жоқ. Кәсіпкерлердің берген шағымды бірден шешіле қоймайды. Өте қиын. Кейбір шағымдар жылдап әрең шешіледі. Палатаның қолында күш болмағандықтан, құқық қорғау орындарына хат жазып, ұсыныс бергеннен басқа құзырет жоқ.

Насырбек Мырзабеков:

Біздің өңірдегі «Атамекен» палатасының жұмысы өте белсенді деп айта аламын. Оларға құзырлықты берген жөн. Кешегі пандемия кезінде күндіз-түні тынбай жұмыс істегенін білеміз. Ондағы мамандарды әртарап тандыру керек. Қай кәсіпкер қандай саламен айналысқысы келеді, сол саланы жетік меңгерген маман болу керек. Заманауи талапқа жауап беріп, кәсіпкердің жұмысы жолға қойылғанша онымен бірге жұмыс жасау мүмкіндіктері болғаны абзал.

Ғалымбек Жақсылықов:

Қабылданған шаралардың негізінде кәсіпкерлердің қызметін жүргізуге кедергі келтірген 7 мемлекеттік қызметкер тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Кәсіпкерлерден түскен арыздар бойынша 31 жүйелі мәселені жинақтап, реестрге енгіздік. Оның 18-і жергілікті жерде шешуді қажет ететін проблемалар. Бүгінде оның 9-ы оң шешілді. Сондай-ақ, Кәсіпкерлер палатасының мақсаты мен міндетіне сәйкес Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесі жұмыс істейді. Ол кәсіпкерлік субъектілерінің құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелерді жедел әрі жүйелі шешу үшін құрылған. Былтыр кеңестің 12 отырысы өткізіліп, 16 мәселе қаралды. Кеңес арқылы кәсіпкердің құқықтарын қалпына келтіру бойынша мемлекеттік органдарға 21 ұсыныс беріліп, оның 14-і қолдау тапты. Нәтижесінде 500-ден аса кәсіпкердің құқығы қалпына келтірілді.

А.Қарапаева:

Отандық өнімді қолдау және оны әрбір қазақстандық тұтыну үшін бізге не жетпейді? Жігер ме әлде басқа себептері бар ма?

Жаңабай Бекішев:

Отандық өнім бізде саусақпен санарлық. Ол көп болмағандықтан, бәсекелестікке шыдамайды. Мемлекет жергілікті жердің кәсіпкерін қолдап, қаражат бөледі, экономикамыз тез көтеріледі. Кәсіпкерлер көбіне өз ісін әрі қарай дамыту үшін қаражаты жетпейді. Несие алайын десе проценті көп. Мемлекет процентсіз қаражат беріп қолдау керек. Кәсіпкер әрі қарай өз жұмысын алып кетеді. Егер өндіріс ашып жатса, ол кәсіпкер бірнеше адамды жұмыспен қамтып, тұрақты табыс салығын мемлекетке төлеп отырады. Одан мемлекет еш ұтылмайды. Бұл ретте кәсіпкер ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін болса, ол стратегиялық өнімдер деп айтуға болады. Қажетті азық-түліктер жетіп тұрса, елде мәселе туындамайды.

Насырбек Мырзабеков:

Меніңше отандық өнімге қолдауды барынша күшейтіп, сырттан келетін тамақ өнімдерін шектеген жөн. Біздің жұмысымыздың жүреуіне алып-сатарлар кедергі келтіреді. Импорттық азық-түлік өнімдерін азайту керек. Бұл ретте отандық өнімге деген жарнама көбірек жасалып, жанашырлық болса дейміз.

Ғалымбек Жақсылықов:

Жалпы тұтынушы тауарды несе кызметті таңдағанда екі нәрсеге мән береді: бағасы және сапасы. Біздің өңірге қатысты жергілікті кәсіпкерлердің ұсынып жатқан өнімдеріне сұраныс бар, сапасына қатысты да тұтынушылар оң пікірде. РЗА-ның «Дәмдісіне», Сыр күрішішілерінің, «Далатекстің» өнімдеріне, соңғы кезде «Бастау Бизнес» жобасын оқып, жарғылай фабрика өнімдерін шығарып жатқан кәсіпкерлердің, өзге де өнім шығарып жатқан әріптестеріміздің тауарлары сұранысқа ие деп айта аламын.

А.Қарапаева:

Шетелден келетін тауарлардың қымбат болуы түсінікті. Ал отандық өнімдер неге қымбаттап жатыр?

Насырбек Мырзабеков:

Шетелден келетін тауарлардың ортасында делдалдар бар. Ол өз жерінде арзан болғанымен делдалдар үстіне екі-үш есе баға қояды. Ондай өнім бізде өндірілмегендіктен, қымбат болғанына қарамай халық алады. Ал отандық өнімдер бағасының қымбат болуы электр энергиясы, жанар-жағармайға тікелей қатысты. Отандық кәсіпкерлер жоғары процентпен несе алып шаруасын жүргізіп отырғандықтан, оны жабу үшін де бағасын көтереді.

Ғалымбек Жақсылықов:

Өнімді өндіру барысында баға нарықтағы өзгерістерге тәуелді. Тіпті отандық өнім болса да. Бір өнімді шығару үшін кәсіпкерлер қаржы, уақыт, өзге де көзге көрінбейтін ұйымдастыру шараларымен үлкен ресурс жұмсайды. Алдымызға дайын өнім түрі болып келемін дегенше талаптарға сәйкестендіріледі. Сол жағын да ескерсеңіздер.

А.Қарапаева:

Бізге қандай мамандар жетіспейді? Болашақта кәсіптің тізгінін ұстайтын деушілерге қандай кеңес айтасыздар?

Жаңабай Бекішев:

Өндіріс орындарына нағыз іскер мамандар керек. Оны дайындау қажет. Біз 30 жыл бойы гуманитарлық бағытта мамандар дайындап келдік. Егер өндіріске бет бұрар болсақ, техникалық мамандар дайындауымыз керек. Инженерлер, механиктер, токарлық жетіспейді. Мұндай мамандар даярлануда. Кәсіптік білім беру оқу орындарында оқытылуда. Олар өндірістік тәжірибеден өтетін жер жоқ. Өндірісте қалып, жұмыс жасап үйрену керек. Саусақпен санарлық өндіріс орындары бар. Алдымен жұмыс, өндіріс орындарын ашпай болмайды. Болашақта кәсіп ашамын деушілерге мемлекет тарапынан міндетті түрде қолдау болып, процентсіз несе берілсе, жас кәсіпкер аяғынан тұрып кетеді. Басында идеясы көп, бірақ қаржысы жоқ ынталы азаматтар жетеді.

Насырбек Мырзабеков:

Жергілікті өңірге азық-түлік өнімдерін өндіретін технологтар, техниканың, құрал-жабдықтардың тілін білетін мамандар, электрік, құрылысшылар жетіспейді. Мектепте 9 сыныптан бастап әртүрлі мамандықтарға бейімдеп оқыту керек. Кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттеріне жоғары стипендиялар тағайындап, қызығушылығын арттырған жөн. Алдағы уақытта кәсіп ашықысы келетіндер бастысы қорықпағаны дұрыс. Ол үшін демеу керек, әрине.

Ғалымбек Жақсылықов:

Кәсіпкерлердің соңғы уақытта көтеріп жүрген проблемаларының бірі – жұмысшы мамандықтарының тапшылығы болатын. Әсіресе техникалық сала мамандарына. Оны Президент быыл да көтерді. Бұл проблеманың шешімі – дуальді оқыту бағдарламасы. Осы бағытта Кәсіпкерлер палатасы бизнес өкілдері және облыстық білім басқармасымен бірге жұмыс істеп жатырмыз. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде жан басына шаққандағы қаржыландырудың енгізілуі бағдарламаға жұмыс берушілердің де қызығушылығын тудырып отыр. Жақында Кәсіпкерлер палатасы «Квант» механикалық зауытымен бірге пилоттық жобаны қолға алды. Білім басқармасымен бірлесіп отырып Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің базасына кәсіпкердің сұранысындағы мамандықты даярлаудың қосымша модулін енгізді. Енді студенттер қосымша мамандықты алып қана қоймай, аталған зауытта іс-тәжірибеден өтіп, сол жерде жұмыспен қамтылу мүмкіндігіне ие болады.

А.Қарапаева:

Ашық пікір білдіргендеріңіз үшін рахмет. Бұл бүгінгі өншісімен шектелетін тақырып емес. Алдағы уақытта да келелі ойлар сарапқа салынып, кәсіпкерліктің дамуына дәнекерлік арта түседі деп сенеміз.

Суреттерді түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ



Баға. Делдал. Алпауыттар

Сұйытылған газ төңірегінде түйткіл көп

Жиынды облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов жүргізді. Облыстағы құзырлы органдар өкілдері мен саладағы кәсіпкерлер қатысқан жиында бензин, дизель, сұйытылған газдың бағасын тұрақтандыру бойынша мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралар түсіндірілді.

Халықтың сұйытылған газға сұранысы күн санап артып келеді. Мысалы, өткен жылғы дерек бойынша, облыста 109 948 жеңіл көлік болса, оның 16 мыңы газбен жүреді. Аймақ тұрғындарының 35 проценті немесе 288 мың адам әлі күнге тұрмыстық баллондағы газды пайдаланады. Айта кетерлігі, өңірімізде осы салада жұмыс жасайтын 55 кәсіпкерлік субъектінің 145 жанармай құю стансасы бар. Дегенмен, облыстағы мұнай нарығында бәсекелестік орта деңгейде. Ал, бұл – көңіл көншітпейтін көрсеткіш. Жиында облыстық бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментінің басшысы Еркін Орынбаев сұйытылған газбен айналысатын мекемелер өте аз екенін атап өтті.

Себебі кезінде ондай мекемелер аккредиттеуден өтетін. Одан өту талабы бойынша кәсіпкердің 300 тонна сыйымдылығы бар базасы болуы керек деген сияқты кедергілер кездесті. Себебі ондай базаны кез келген кәсіпкер сала алмайды. Бүгінде ол тосқауыл алынған, 60 тонналық сыйымдылығы бар кез келген кәсіпкер сұйытылған мұнай-газбен айналыса алады. Біздегі тауар нарығының 95 процентін алып отырған 23 мекеме бар. Бұл облыс үшін өте аз. Кемінде жүзге жуық кәсіпкер айналысуына болады. Сондықтан қазір жол ашылды, басқалар үшін де тауар нарығына енуге мүмкіндік бар, – деді ол.

Сондай-ақ, департамент басшысы Энергетика министрлігінің бұйрығымен облыста АИ-92 бензині 182 теңге, дизель отыны 230 теңге болып белгіленгенін атап өтті. Сұйытылған газ бағасы облыс орталығынан 200 шақырым қашықтыққа дейін орналасқандар үшін литріне 60 теңге, одан алыс елді мекендер үшін 65 теңге. Бірақ бұл жарты жылға бекітілген баға. Кейін ережелерге өзгерістер енеді.

Сұйытылған газды электронды сауда алаңына көшіру алдағы жылы енгізіледі. Ішкі нарыққа сұйытылған мұнай-газды беру қағидаларына

1-бет

толықтырулар енгізілді. Енді сатып алуға автогаз құю стансалары да қатыса алады. Бұл бағыттағы соңғы өзгерістерді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов түсіндірді.

Өткен жылдың басынан сұйытылған газ мөлшері ай сайын 5-10 проценттен электронды сауда алаңына ауыстырылып, биылғы қаңтардан бастап толығымен өткізілетін болған. Соңғы жағдайларға байланысты Мемлекет басшысының тікелей араласуымен тоқтау салынды. Бұрынғыдай шекті баға белгіленді. Өндірушілердің де нақты бағасы қайта қолға алынды. Бүгінде шекті бағасы тоннасына 28 мың теңге болып бекітілді. Яғни, кез келген кәсіпкер тікелей өндірушіден осы бағамен сатып алып, қойылған шекті бағамен сағатады, – деді ол.

Дегенмен, салада қордаланған мәселе көп. Кәсіпкерлер бағаның қымбаттауы делдалдардың әсерінен болып отырғанын алға тартты. Мысалы, мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу шарты – «перевалка» – өңір кәсіпкерлеріне үлкен тосқауылдардың бірі. Кәсіпкерлер мұнай өнімдерін өндірушіден өздері тасымалдауға әлеуеті жете тұра, үшінші бір мекемемен шарт жасасып, еселеп шығынға батуға мәжбүр. Себебі талап солай. Мысалы, тоннасы 28 мың теңгеден берілетін әлеуметтік газды 175 мың теңгеден алып келеді. Салдарынан өңірдегі көптеген операторлардың кәсібі құлдырап, жабылудың алдында тұр.

Жиында операторлардың өтінімдерінің қанағаттандырылмау мәселесі де айтылды, яғни, облысқа бөлінген мұнай өнімдері сұранысты жаба алмайды. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Мұрат Тасқараев кәсіпкерлерді толғандырған мәселе өкімдік тарапынан да бірнеше рет көтерілгенін айтты.

2016 жылға дейін мұнай өнімдерін бөлу облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының құзыретінде болған. Одан кейін Энергетика министрлігінің 2015 жылғы бұйрығымен АИ-92 бензині мен дизель отынын мемлекеттік реттеу алынып тасталды. Қазіргі таңда облыс аумағында бөлшек саудадағы мұнай өнімдерінің қоры мен күнделікті бағаларына басқарма өз құзыреті шегінде тек мониторинг

жүргізеді. Өңірге мұнай өнімдері мемлекеттік органдардың қатысуынсыз, орталық атқарушы органдармен ресурс ұстаушы арқылы бөлініп келеді. Республика бойынша 30-дан аса ресурс ұстаушы мекеме бар. Соның ішінде облысқа «ПетроҚазақстан» компаниясы белгіленген. Басқарма облыстағы жанармай бекеттерінің мұнай өнімдеріне ай сайынғы қажеттілігін жинақтап, Энергетика министрлігі мен «ПетроҚазақстанға» жолдайды. Алайда, бұл жана механизм әсерінен өңірлік операторларға бөлінетін мұнай өнімдерінің көлемі күрт азайып кетті, – деді Мұрат Тасқараев.

Оның айтуынша, «ПетроҚазақстан» өңірге қажет мұнай өнімдерінің 50 процентін ғана қамтамасыз етуде. Мысалы, 2020 жылы 89972 тоннаға берілген өтінімнің серіктестік 64,8 процентін ғана, 2021 жылы 132883 тонна өтінімінің 28,7 процентін ғана қанағаттандырған, яғни, жергілікті операторлар қалған қажеттілігін коммерциялық мұнай өнімдерімен толықтыруға мәжбүр. Айталық, облысқа ақпан айында 6652 тонна сұйытылған газ бөлінген. Бірақ, өңірде «көгілдір отынға» сұраныс жоғары, сондықтан тапшылық болуы мүмкін.

Сонымен қатар, құзырлы органдар аймаққа қатысы бар 12 компанияға тексеру жүргізіп, біраз былықтың бетін ашқан. Қызылорда облысына бөлінген сұйытылған газдың біраз бөлігін Түркістан облысына, Шымкент қаласына, Жамбыл облысына сату фактілері кездесуде. Одан бөлек, баға бойынша сөз байласу (ценовой сговор), басқа да бұзушылықтар орын алып жатыр.

Жиын соңында салаға жауаптылар алдағы уақытта Президент тапсырмасы аясында заңнамаға өзгерістер енгізілетінін жеткізді. Бұл өзгерістер кәсіпкерлердің талап-тілектерін назарға ала отырып жасалмақ.

Атап айтқанда, газ қоры тұтыну мәжесіне қарай көбейтіледі. Сондай-ақ, жанармай құю бекеті бар кез келген кәсіпкерге сұйытылған газды өндірушіден тікелей делдалсыз, арзан бағамен алуға жағдай жасалмақ. Мұнан бөлек, бұрын біржаға 20 мың тонна сатып ала алатын кәсіпкерлер ғана қатысатын. Бұл тосқауылдың кесірінен біржаға қатысуға тек алпауыттардың әлеуеті жететін. Қазір бұл шекті көлем 5 мың тоннаға дейін азайтылған. Одан да азайтуға жұмыс жасалауда.

Даму жолындағы оң өзгерістер

Бүгінде облыстың сайлау жүйесі 1 облыстық аумақтық, 1 қалалық аумақтық, 7 аудандық аумақтық және 373 учаскелік сайлау комиссиясынан қалыптасып отыр. Сайлау комиссиялары мүшелерінің жалпы саны 2812, оның ішінде 7-і – облыстық, 7-і қалалық, 49-ы – аудандық аумақтық комиссия мүшелері, 2749-ы – учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері.

Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының 2005 жылғы қыркүйек айында Будапешт қаласында өткен бас конференциясында азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау процестерін жақсарту проблемасына жұртшылықтың назарын аудару мақсатымен жыл сайын ақпан айының алғашқы бейсенбісі кәсіби мереке ретінде Дүниежүзілік сайлау күні болып белгіленген және бұл шешімді БҰҰ қолдаған.

Биылғы Дүниежүзілік сайлау күні 3 ақпанға сәйкес келіп отыр.

Оны өткізудің басты міндеттері – қоғам санасында демократияландыру процесінің қайтымсыздығын бекіту, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы жұртшылықты хабардар ету және демократиялық құндылықтарды насихаттау.

Атаулы күнге орай елімізде көпшілік шаралар ұйымдастырылуда. Біздің өңірде де барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, аумақтық сайлау комиссиялары «Ашық есік күні», сайлау тақырыбында ҰЕҰ өкілдерімен және жастармен кездесулер өткізуде.

Біздің қоғамдық-саяси өмірімізде сайлау жүйесінің рөлі ерекше. Олай дейтініміз, біз өркениетті дамыған демократиялық қоғам құру жолын таңдадық. Ал, демократиялық қоғамды қалыптастырудың бірден-бір жолы, әрі кепілі – сайлау.

Кейінгі үш жылдың өзінде біздің сайлау жүйемізге әлемнің озық тәжірибесіне сүйене отырып, айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Атап айтатын болсақ, 2019 жылдан бастап аумақтық сайлау комиссияларының құрамына тұрақты, кәсіби негізде жұмыс жасайтын мүшелер енгізілді. 2020 жылдан бастап жергілікті мәслихаттардың қалыптасуы партиялық жүйеге көшіріліп, 2021 жылдың қаңтар айында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары алғаш рет партиялық тізім бойынша сайланды.

Өткен жылғы сайлау жүйесінің басты жаңалығы – ол аудандық

маңызы бар қала, кент, ауылдық округ өкілдерінің жанама сайлауы, сол аумақ халқының жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайлауға көшірілді. Бұл да – біздің сайлау жүйесінің демократиялық даму жолындағы үлкен маңызды кадам.

Әлемнің озық тәжірибесіне сүйене отырып, айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Президент Жолдауында 2024 жылдан бастап аудан өкілдерінің сайлауын өткізуді міндеттеді. Осының барлығы біздің сайлау жүйеміздің демократиялық даму жолындағы қоғамдық-саяси маңызы бар оң өзгерістер деп білеміз.

Б.НАКИПОВ,
облыстық сайлау
комиссиясы төрағасының
орынбасары

Бұл – айтуға оңай болғанмен, зор ақыл-қайраттың, білім, ой-парасаттың, талмаған ізденістің, күндіз тыным көрмей, бәлкім түнде ұйықтамай, төккен тердің, еткен еңбектің нәтижесі. Бәлкім қия тасты, жақпар жар-жартасты, биік тау шатқалдарды басып, бір асудан асып, тау шыңына шығуымен тең. Тіпті көмексіз, сонар-соқпақ жоқ онда. Бәрі бірінші рет және тек еңбекпен келеді. Отыз-қырық жыл арманның ілгері, өрлеумен бағындырған бұл биікке шығудың өзі қаншалықты қиын болса, сол биікте қалу – бір жұлдыз болып жану да соншалықты қиын. Ол, міне, осы сын-сынақтан да өтіп, алыс қаймана қазақ түгілі, кейбір жақын ағайынның күншілдігіне қарамастан, өзінің шырақ биігінде қалып отыр. «Ой, қойшы соны!» Ауылдағы Еркінбектің баласы ма? Білеміз ғой оны!» дейтіндерді де көрдік.



ЕҢБЕКТИҢ ЕРІ

Бұл – ауылда өскен түйенің тайлақ аты қалмайдының кері. Қызғаныштың қызыл итін абақтау ғана. Сондықтан да мен үшін ең бастысы – қалың елге де, шынайы ерлерге де, керегі – Бақдәулеттің өз қабілетімен, еңбегімен, жан-жүрек қуатымен жандырған бағы мен нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрекке жасаған дәулеті деп білемін.

Бақдәулет Еркінбекұлының туып-өскен ауылы – Көккесене. 1960 жылдары «Коммунизм» деп аталды. Біз, сол кезде 13-14-ке енді келген жасөспірімдер ауылымызда жүрекері кең, жұрттың бәрімен адамзаттың нұрлы қоғамы – коммунизм орнап қалғандай, немесе алдағы 5-10 жылда орнатылатындай, ауылымыз «Коммунизм» атанатынына мақтанатынбыз. Бір кезде «Көккесене» аталғаны да емес-емес білеміз. Іргеде күміс көл де жарқырап жатыпты. Әсіресе, ескі кітаптарда суреті сақталған «Көккесене» мазары қайран қалдыратын. Аңызға сенсек, Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынға қойылыпты. Алайда ол кез-

де «Көккесене» атын аңсау – артта қалғандық. 1961 жылы көшкерлерге жаппай бағаналар қойылып, электр сымдары тартылып басына лампочкалар ілініп, барлығы жанғанда түннің өзі күндізгідей болып кеткені ұмытылар ма?

Туған ауыл осы жерде өсіп-өнген жұрттың бәріне ортақ қайрат, жылы жүрекке жасаған дәулеті деп білемін.

Бақдәулет Еркінбекұлының туып-өскен ауылы – Көккесене. 1960 жылдары «Коммунизм» деп аталды. Біз, сол кезде 13-14-ке енді келген жасөспірімдер ауылымызда жүрекері кең, жұрттың бәрімен адамзаттың нұрлы қоғамы – коммунизм орнап қалғандай, немесе алдағы 5-10 жылда орнатылатындай, ауылымыз «Коммунизм» атанатынына мақтанатынбыз. Бір кезде «Көккесене» аталғаны да емес-емес білеміз. Іргеде күміс көл де жарқырап жатыпты. Әсіресе, ескі кітаптарда суреті сақталған «Көккесене» мазары қайран қалдыратын. Аңызға сенсек, Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынға қойылыпты. Алайда ол кез-

осал емес, арман жалынан ұстап, тіршіліктің бір тынын игеріп, шыңына шығуға белін бекем бұғандардың ішінде туған елді өзге елдермен теңестіріп, қазақтың ұлқызына, ұлысымыз көгінің жұлдызына айналған ғалым, қаламгер, қайраткер, еңбеккер бола алғандары саусақпен санарлықтай екені де ақиқат.

Аспаннан алтын жаумайды. Төрт түлік өзінен-өзі мыңғырмайды. Бидай өзінен-өзі өспейді. Солай болса да айта кетейік: әуелі құнарлы жер керек. Қаратау етегі – шүйгін Сырдың бойы – тұнған от Бақдәулеттің бабасы Өтеш өңірге өйгілі мыңғырған бай болыпты. Жарымаған сараң емес, жомарт бай. Ол өзінің осынау мол несібесі аста төк байлығы халықтың арқасында екенін жақсы білген. Лайықты еңбеккерсің мезгілінде алып отырған малың-жалшылары қойын, адал баққан, жылқысына өз малыңдай қараған. Жем-шөбі мол, күтімі жақсы, қалайша көбеймесін?! Өтеш баласы Мақашты оқытқан, алдыңғы қатарлы азамат етіп тәрбиелеген. Мақаш та жаңа заман ықпалын тап басып,

халыққа қызмет еткен. Оның ел ағасы болғаны, тіпті Созақ аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарғаны деректі проза шебері Айдархан Бибасарұлының бір хикаятынан оқығанымыз есіме түсіп отыр.

Өз басым кейін көккесенелік болғандардың қатарындамын. Қаратаудың етегіндегі жер жанынаты Жайылмада туып-өскен біз. Жетіжылдық мектебіміз бастауыш денгейге түсіп қалып, 5-класты Құттықожада (ол кезде Ленин атында), 6-класты 24-ші бекеттегі мектепте оқуға тура келді. Дәніш көкеміздің үйінде жатып оқу, сиыршы Божан көкеміз қыстауы – Назарқұлман Бөртескен елді мекеніне қатынап оқу шаршатқандықтан, 1961 жылы үйіміз «Коммунизмге» қоныс ауыстырды. Осы жылы күзде осындағы ЛКСМ-нің 25 жылдығы атындағы жетіжылдық мектептің жетінші класының табалдырығын атады. Арифметика, геометрия пәндерінен жоғары оқу орынын жаңа бітіріп келген жас мұғалім Еркінбек Мақашұлы сабақ берді.

Менің білуімше, Мақашевтар – өсіп-өнген, өнегелі әулет. Еркінбек – Мақаштың ең үлкені болса, одан кейін Асқарбек, Мұрат. Асқарбек үлгілі шопан болды. Ең бастысы – қой бағып қана қоймай, ой баққан асыл азамат.

Ал, Мақашевтар кенжесі Мұратханмен «Сүтқұдық» ауылындағы ол кезде «Қызыл жұлдыз» орта мектепте 4 жыл бір класта оқыды. Жақсы оқыды. Көркем мінзеді.

Мен Бақдәулет інімің атын кейінгі кездері көбірек естіп, бұрынырақ аудандық «Жанакорған тынысы» га-

зетінен игі істерін көзім шалып қалғаны болмаса, кейінгі жылдарға дейін танымайтынмын, жақсы білмейтінмін. Игі істері сырттай белгілі. Енді етене танысып, кейде жолығып, сөйлесе келгенде аңғарғанымыз, ең бастысы, ол – жақсы адам, абзал азамат. Ауылдың, немесе аймақтың – Сыр өңірінің ғана ардақтауға лайық азаматы емес, Алаштың азаматы. Мұндай елдік елеулілікке, мерейлі мәртебеге адамдығымен, ақылымен, ыстық қайратымен, ерлік еңбегімен жеткен азамат.

Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтына қызмет ету – білімнен емес, мінзеден» дейтіні бар.

Мінез де мың түрлі. Бірақ бұл жерде халыққа қызмет ететін мінзет айтылып отыр.

Жер басып жүргенде адамның өмір сүруінің мәні неде? Не үшін тер тамшылатып, жасампаз еңбек етеді? Нұрлы ақылына басқартып, жан аямай қайратын жұмсағанда асыл арманына жетіп, жарқын мақсатын жүзеге асыруды көздемей ме? Жалын атқан жүректің де қорегі, тілегі осы емес пе?! Адам бақытты болу керек. Адам бақытты болу үшін туған, жаралған. Өткеннен бабаларың, арқа тірек панаң бар. Туған ел – тұғырың, өскен ел – қыдырың. Бұған бағып бақытты болмай немесе дей аларсыз ба? Дей алмайсыз. Ата-ана саясында бал балалықты өткізудің өзі, бойжетіп, ержетудің өзі – бір бақыт болса да, жас жігітке – әулеттің тірегіне, елдің үмітіне – енді мұның өзі аз, жақсы, жарқын өмір сүре алып, әуелі өзін бақытты, содан соң отбасын, асса Отанын бақытты етуі керек.

Жүректің әмірі – бақытты болу болса, осы жүректің табысқа жету жолындағы тәңірі – махаббат, әділеттілік, жақсылық, мейірім.

Қуанышқа қарай, біздің кейіпкеріміз Бақдәулет Ер-

кінбекұлы бойында, ойында осының бәрі бар. Бір білетінім, кейінгі жылдарда көре, кездесе жүріп байқағанымыз, ол жаман сөз айтпайды. Өзіне жала жаппақ, күйе жаққан адамдарға да жамандық жасамайды.

Ұстанымы – өтірігін айтса айта берсін, өсегін тарата берсін, өзіне қайтпай. Оларға уақытыңды қор қылғанша, бір іс бітірмеймін бе? Ол жақсы істер жасап келеді. Алды – мұқтаж жандарға материалдық көмек, ақшалай қолдау, кітабын шығарып беру болса, ортасы – жүздеген гектар жерге күріш егіп, ақ күріштен мыңдаған тонна ақ маржан өнім өндіріп, адал еңбеккерлерін жарылуға болса, соны – зауыт салу, алуан мәдени-тұрмыстық кешендерді қатарға қосу, Қожамерді бабасына еңселі ескерткіш тұрғызу. Міне, мұның бәрін түгелдей міндет емес, десек те, мұның өзі мың бір іс, жарқыраған із, жүз мыңдаған қайырым – жақсылықтар емес пе?!
Алпыс жас – тал түс. Ганибет ғұмырдың ортасы. Осы ғұмырдың ортасында оның жеке басының олықлығы кем, төрт құбыласы тең. Бұлай дейтініміз – асқар тауы Ортаны қолдап-қорғап келеді, отбасы, өсіп-өнген әулеті мықты асқар тірегі. Жары Ләззат Қожахметова оның қиын да қызық, күрес пен бақытқа толы ғұмырында жансерік бола алды, қашанда отбасының ұйтқысы, бүгінде ол да қасіпер.

Екеуінің үш ұл-қызы бар: Жаңдәулет, Әйгерім, Арайлым. Олардың да әулет асынан асыл ел перзенттері бола-рына сенімдіміз мол. Айтпақшы, Бақдәулет Еркінбекұлы облыстық мәслихат депутаты, өткен жылдың соңында «Парасат» орденін иеленді. Мұның өзі ерине елінің құрметі іспетті.

Бақыт САРБАЛАУЛЫ

Өрнекте де өмір бар Әжімбет ұста туралы білеміз бе?

Бұл мүлікте ұстаның тал бесіктен жер бесікке дейінгі басынан өткерген өмірі ою-өрнектер көмегімен суреттелген. Ерекшелігін Қазақ ССР-нің Мәдениет министрі болған Өзбекәлі Жәнібеков Сыр өңіріне келген бір сапарында байқап, қызығушылық танытқан. Сол кездегі музей қызметкерлерінің дерегіне, Өзбекәлі аға асадал бетіндегі ою-өрнектерге сипаттама берген. Ұстаның әрі халық белсендісінің балғын балалық шақтан егде тартқан кезіне дейінгі қызығы мен қиындығы қатар жүрген өмір жолын ою-өрнектер тілімен баян еткенін және мұндай жиназдың қазақ даласында өте сирек кездесетінін айтыпты. Бұл қазіргі уақытта елімізде сақталған басқа асадал түрлеріне ұқсамайды, өзіндік пішіні және ою-өрнектерімен ерекшеленеді. Қазақ өнерінің саңлағы Асанәлі Әшімов Сыр өңірінде болған бір сапарында музейге ат басын бұрып, сирек кездесетін жәдігерге танданыспен қараған. Асадал екі бөліктен тұрады: негізгі бөлігі және жұқаяғы. Негізгі бөлігінде ашпалы екі есігі және ішкі бөлігінде екі сөресі бар. Ал, жұқаяғы тартпалы. Асадалдың маңдай тұсына өсімдіктестес оюлар ойылып, қазмоын өрнектер өз нақшынын тапқан. Жиназдың бет жағы, яғни қос есігінде қаузын жарған жауқазын, үшгүл, өткізбе, ағаш тәріздес оюлар алма-кезек бедерленіп, жиектері космогониялық өрнектермен безендірілген. Ою-өрнектердің бір-бірімен дәл осылай қиылысуы, үйлесуі, шебердің ұсталық өнерінің денгейін көрсетеді. Асадалды жасау барысында ақ, қара, қызыл және сары түстер пайдаланылған.

Асадал – асқан шеберлікпен жасалған туынды. Үйге келген қонақтың қызықпайтыны, қызықтамайтыны болмайтын. Бетіндегі ою-өрнектің арты айнамен әрленген. Бала күнімізде жүзімізді көріп, маз-мейрам болатынбыз, «айнаны қалай орналастырған?», «бүгін ағаштан жіңішке өрнектерді қалай өрген?» деп әжемнің маза-сын талай алатынбыз, – дейді шебердің жиен немересі Айымқұл Тасмағамбетова балалық шағына ойша сая-

хат жасап. – Бетіне түскен бояудың орны бір бөлек, алғашқы он жыл бойы асадал түнде жарқырап жанып тұратын, тіпті аталарың жасаған киіз үйдің сүйектеріне дейін боялған еді, қараңғыда шамсыз-ақ аяққолды көруші едік дейтін Байсұлу әжем, – деп тебірене еске алды.

Расында, асадалдың қос есігінде айна сынықтары сақ-

бетованың қолындағы келіні Рысбике Сүйімбаевадан 1989 жылы алынып, музей қорына сол жылдың 27 қазанында аға ғылыми қызметкер Салима Малимова өткізген.

Асадал анам Мәлеуекештің үйінде болған. Апасы дүние салған соң сіндісі Ұлмаш ағаш жи-

һазды өз үйіне алдыртады. Уақыт өте келе, мүлік сарайға шығып қалып, Ұлмаш апамның ұлдары темір-терсек салуға пайдаланған», – дейді Айымқұл апа. – Қалаға бір келгенімде музейге арнайы соғып, атамның асадалын көріп кеткенім бар. Сонда музей қызметкері жәдігерді экспозицияға қоймас бұрын майдан әбден тазартқанын айтты. Біздің ұлдардың көліктің майланған темірлерін сақтауға қолданғанын айтты, ата мұрасының қайта жаңғырып, халық назарына қойылғандығына бір қуанып қайтқанымыз бар, – дейді апа әңгімесін жалғастырып...

2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген реэкспозициялық жұмыстар нәтижесінде асадал музейдің «Этнография» залы төрінен орын алды. Қояр алдында экспонат тазартылып, толық реставрациядан өткен.

Асадал ас үйде тұратын. Ішіне ыдыс-аяқ жинайтынбыз, қант-тәттілер сақтайтынбыз. Ал, астыңғы бөлігінде қырағы көзге ғана көрінетін сөресі болатын, анам онда қалтаға салынған құрт сақтайтын, – дейді Айымқұл апа өз естеліктерінде.

Қызық, иә... Музей төрінде тұрған асадал бүкіл бір әулеттің шежіресін, сол бір заманның тарихын ішіне бүгіп тұрғандай, жан бітсе, талай сырды ақтаратындай болады да тұрады.

Әжімбет ата Құдай қосқан жарларына сандықтар жасап берген. Бірінші жары Алтын әжейге арнап жасаған сандығы Сексеуілдегі немересі Әбілтайдың үйінде сақтаулы. Екінші жары Қанымшаға жасаған сандығы Ұлмаш апаның үйінде тұр, ал үшінші жары Байсұлуға жасаған сандығы музей қорында сақтаулы. Кейін Әжімбет атаның қыздары тұрмыс құрғанда жасауларына әкесі жасаған дүниелерді қосқан деседі.

Музей қорындағы сандық – әдемі дүние. Көздің жауын алады. Сандықтың ұзындығы – 86 см, ені – 39 см, биіктігі – 42 см. Қос бүйірінде екі темір тұтқасы (6x10 см) бар. Сандықтың беті екіге бөлініп, симметрия сақталып өрнектелген. Үшгүл, өткізбе, ағаш, шимай тәріздес оюлар күрделі техникамен ойылып, бір-бірімен астық, қабысып, әдемі композицияны берген. Алма-кезек бедерленген оюлар көз майын тауысатындай шеберлікпен жасалған. Оюлар құдды сандықтың бетіне шығып, сыр айнала билеп жатқандай әсер қалдырады. Сандықтың жиектері космогониялық өрнектермен безендірілген. Ақ, қара, қызыл және сары түстер қолданылған. Аяқтарының өзі ою-өрнек формасында жасалып, ойылып-бедерленген. Жұқаяғының өзі – бөлек көркем дүние. Ұзындығы – 85x91 см, ені – 47 см, биіктігі – 33 см. Алдыңғы қос аяғы және жиектері өсімдіктестес өрнектермен әрленген. Қызығы, екі аяғында гүл өрнегі асимметриялы салынған. Бір аяғында вертикалды өрілсе, екіншісінде

гүлдер горизонтальды көрініс тапқан. Бүйірінен және астыңғы бөлігінен қосымша симметриялы ою-өрнек қалыбы ойылған. Жұқаяқтың беті үшгүл, тал сынды өсімдіктестес ою-өрнектермен ойылған. Қазақ халқы өсіп-өнген, көктеп-көгерсін деген тілекпен өсімдіктестес өрнектерді жиі пайдаланған. Әр өрнектің жиегі ақ бояумен сіркеленіп боялған.

Әжімбет Қарайғырұлының қолынан шыққан сандық XX ғасырдың басына тән. Сандықты музей қорына 1982 жылы 8 маусымда кіші ғылыми қызметкер Роза Ибраева Әжімбет атаның қызы Ұлмаш Балымбетовадан алған.

Адалбақан – киіз үйдің бір бөлігі болғандықтан, оны көп жағдайда үйшілер жасаған. Ол қазақ тұрмысында бірнеше қызмет атқарған. Киіз үйдің шаңырағын көтеретін құрал ретінде пайдаланылады. Шаңырақты сол үйдің отағасы не баласы көтереді, адалбақанмен шаңырақты көтеру көлденең көк аттыға берілмейді. Үйдің ішінде адалбақан киім ілгіш ретінде пайдаланылған. Әжімбет ұстанын адалбақанында төрт бұтағы (ілгіш) бар. Ертеде ілгіштерге қару-жарақ, кейін жай киім немесе кесекантар, азық-түлік салынған дорбалар мен қоржындар ілінетін болған. Қазақ халқы адалбақанды таза, қасиетті мүлік санайды. Сондықтан болса керек, аяғы ауыр әйел босанарда адалбақанға сүйенеді.

Әжімбет ұста жасаған адалбақанның өлшемі 270x19 см құрайды, екі үлкен алақаннан тұрады. Басты екі бөлігіне (алақан) зооморфты қазмоын оюы бедерленген және ұзын ағашына өсімдіктестес жашырақ оюы түскен. Адалбақан жасауда ақ, сары, қызыл түстер пайдаланылған.


– Әжімбет атаның өзі жасаған 8 қанатты еңселі, биік киіз үйі болатын. Кейін Ұлмаш апаның қорасында жинаулы тұрған. Қазалы ауданының ақсакалы Бак Байтөрөев деген кісі Әжімбет ата туралы әңгімелесіп отырғанда, киіз үйі керегесінің көңі түйенің көңі емес, күміс екенін айтты. Керегелерде ақ сымдар тұратыны емес-емес есіме түсті, кейін Ұлмаш апамыздың қоракөпсынын аударып-төңкеріп, ең болмағанда сынықты іздеп едік, таппадық. Кейін келінінің есіне түспесі бар ма, көзі тірісінде Ұлмаш апамыз ешкімнің аяғының астында қалмасын деп өртеп жіберген көрнеді, – дейді Айымқұл апа.

Әжімбет атаның қолынан шыққан музей қорындағы асадал, сандық және адалбақанды бір жиынтық деуге болады. Сандық, адалбақан және асадалдың бетіне түскен оюлар бір-біріне келеді. Жасалу техникасы, тіпті бояуларына дейін бірдей. XX ғасырдың басымен мерзімделеді. Осы дүниелермен бірге музей қорына өткен ұстаның тағы бір дүниесі бар. Ол – төсекағаштың маңдай бөлігі. Ел ордасында Ұлттық музей ашылған уақытта арнайы экспедиция көп экспонаттың ішінен Әжімбет ұстанын қолынан шыққан төсекағаш бөлігін алды. Қайталанбас құнды дүние қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық музей қорында сақтаулы. Осы дүниелерді жасауда Әжімбет ұста белгілі бір құрал-саймандар пайдаланғаны анық. Өкінішке қарай, сол құралдар бізге дейін жетпеген. Ал, құралдарын салған қобди ұрпақтарында сақтаулы.

«Әжімбет атамның балта, шот, балға, т.б. еңбек құралдарын сақтаған қобдиді бар. Кезінде менің анам Мәулекештің қолында болған. Кейін Ұлмашқа көшеді, уақыт өте келе, құрал-саймандар жоғалады. Ал, қобдидың өзін Әжімбет атаның інісі Әлмағанбеттің қызы Рауаш сұрап алады. Қазіргі таңда сол отбасында сақтаулы. Бұл мүлік боялған, ою-өрнексіз», – дейді Айымқұл апа.

Әйгерім БЕККҰЛИБЕВА, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

(Жалғасы бар)



Олимпиада алауы



Биылғы Ақ Олимпиада ойындарында 91 елден келген 4 мыңнан аса спортшы 109 медаль жиынтығын сарапқа салады. Олимпиада бағдарламасына биатлон, бобслей (бобслей, скелетон), керлинг, коньки спортшының түрлері (коньки жарысы, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек), шаңғы спортының түрлері (тау-шаңғы жарысы, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарысы, тұғырдан секіру, фристайл, сноуборд), шана спорты, шайбалы хоккей енді.

Ақ Олимпиадада жарыс ережесі бойынша биыл алғаш рет ел байрағын бір емес, екі спортшы алып шықты. Оның бірі – шорт-тректен Қазақстан құрамасының көшбасшысы Абзал Әжіғалиев болса, екіншісі – конькиші Екатерина Айдова. Екеуі де – құрамадағы тәжірибелі, жүлдеге таласуға мүмкіндігі жоғары спортшылар.

Абзал Әжіғалиевтің еншісінде шорт-тректен әлем кубогі кезеңдерінің барлық жүлдесі бар. 2017 жылғы Универсиада, 2011 жылғы Азия ойындарының жүлдегері болды. Абзал 2014 және 2018 жылдардағы Олимпиадаға қатысып, Пхёнчханда Қазақстан Туын көтеріп шыққан болатын. Ол мұндай құрметке екінші рет ие болып отыр.

Ал Екатерина Айдова алғаш рет 2010 жылы Ванкувер Олимпиадасына қатысқан. Кейін Сочи-2014 және Пхёнчхан-2018 ойындарында ел намысын қорғады. 30 жастағы Айдова үшін Бейжің ойындары – өз мансабындағы төртінші Олимпиада. Тәжірибелі спортшы конькимен жүгіруден әлем кубогі кезеңінің, 2017 жылғы Универсиада ойындарының жүлдегері болса, 2021 жылғы төрт құрлық чемпионатының жеңімпазы атанды.

Ақ Олимпиадада еліміздің атынан 34 спортшы 85 жолдама бойынша сынға түседі. Мамандардың айтуынша, қазақстандық спортшылар фристайл-могүл, фристайл-акробатика, шорт-тректе жүлде қорын толықтыруы мүмкін.

Құрамадағы ең үлкен спортшы – 35 жастағы шаңғышы Евгений Величко, ең кішісі – фристайл-могүлда ойын көрсететін 16 жасар Анастасия Городко, ол 2021 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған.

Тәуелсіз еліміздің спорт тарихында отандастарымыз қысқы Олимпиадаларда 1 алтын, 3 күміс және 4 қола медаль алды. Атап айтқанда, шаңғышы Владимир Смирнов – әзірге Олимпиаданың алғашқы және жалғыз қазақстандық чемпионы. Сондай-ақ, конькиші Людмила Прокашева, шаңғышы Елена Хрусталева, мәнерлеп сырғанаушы Денис Ген және фристайл-могүлдан Юлия Галышева жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Айтулы аламанға спортшылар жіберу жөнінен АҚШ, Ресей мен Канада көш бастап тұр. Мәселен, АҚШ-тан 223 адам бәсекеге түссе, Ресейден – 212, Канададан – 211 спортшы жарыс жолына шығады. Сондай-ақ, Қытайдан 171 спортшы қатысады, одан кейінгі орындарда Швейцариядан – 168, Германиядан – 148, Жапониядан – 122, Швециядан – 116, Чехиядан – 114, Италиядан – 112, Австриядан – 108, Финляндиядан – 96, Франциядан – 85, Норвегиядан – 52, Ұлыбританиядан – 50, Украинадан – 45, Австралиядан – 44, Оңтүстік Кореядан – 38, Қазақстаннан – 34, Беларусьтен – 28 спортшы өз елдерінің намысын қорғайды.

Қазақстан Қысқы Олимпиадаға 1994 жылдан бастап тәуелсіз мемлекет ретінде қатысып келеді. Сол жылы Лиллехаммерде (Норвегия) 29 спортшымыз сайысқа түсті. Ал 1998 жылы Нагано (Жапония) – 60, 2002 жылы Солт-Лейк-Ситиде (АҚШ) – 50, 2006 жылы Туринде (Италия) – 56, 2010 жылы Ванкуверде (Канада) – 39, 2014 жылы Сочиде (Ресей) – 52, 2018 Пхёнчханда (Оңтүстік Корея) – 46 спортшы дүбірлі додаға қатысты.

Бейжің Олимпиадасында ресми және толық көлемде спортшыларды құрғақ қан талдауына негізделген допингке тексерудің жаңа әдісі қолданылады. Бұл жөнінде Дүниежүзілік антидопинг агенттігінің (WADA) басшысы Витольд Банька мәлім етті. Оның айтуынша, Бейжіңдегі Қысқы Олимпиада ойындарында құрғақ қан дақтарына тестілеудің жаңа әдісін енгізу – допингке қарсы қозғалыстың дамуындағы маңызды оқиға. Ол дәстүрлі сынама алу әдісіне қарағанда бірқатар артықшылыққа ие. WADA өкілдері құрғақ қан әдісі биоматериалды жинау және тасымалдау процедурасын жеңілдетеді. Сонымен қатар спортшылардың денесіне әдеттегі сынама алу әдістеріне қарағанда азырақ араласады деп санайды. Тәжірибе ретінде Токиодағы Жазғы олимпиада кезінде құрғақ қан алу әдісі қолданылды.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары»
және ауданның барлық
басылымдарына
хабарландыру
орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы
байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін ОҢАЙ, ҮЙГҰЙЛАЙ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

ЭВЕРЕСТ
Финанс
сервисті
% МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
3 000 000 ТҒ ДЕЙІН

Қызылорда қ., "Принт" баспаханна ғимараты,
Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
8(7242) 92 52 25, 8 708 363 59 45

Толық ақпаратты сайттан көруге болады everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Мульттоттамалардың саны аз, сапасы мәз емес

Гаджеттерге байланған өмір, әлеуметтік желі, виртуалды ойындар жайлы ақпарат көздерінде айтылып жүр. Дегенмен, балалар сүйіп тамашалайтын мультфильмдердің бүгінгі жағдайы қалай? Жас жеткіншектер қандай мультфильмдерді тамашалайды? Мұндай сауалдар қазіргі қоғамда жиі талқыланады.

Мультфильм – кітап пен ғаламтор үшін фильм, туынды, шығарма шығар, ал қоғам үшін идеология, тәрбиенің қуатты құралы. Бұл құрал бүгін баланы басқарса, ертеңгі күні болшағын басқаруы әбден мүмкін.

Мойындау керек тілі былдырлап, енді ғана қылық шығарып келе жатқан бүлдіршін күнұзаққа көгілдір экранға телміріп, сан түрлі мультфильмдерден көз алмайды. Бірақ көрсетіліп жатқан мульттоттамалардың пайдасынан гөрі зияны басымдық.

Біріншіден, мультфильмдердегі жағымды кейіпкердің өзі зұлымдыққа барады. Осыдан кейін баланың психологиясы қалайша өзгермейді? Сол кейіпкерге ұқсағысы келіп, оның да қатігездікке бармауына кім кепіл? Екіншіден, кейіпкерлердің сыртқы бейнесі бүлдіршіндер үшін аса маңызды. Дегенмен де, шетелдік туындыларда жағымды кейіпкердің өзінде жылылық, мейірімділік сынды қасиеттер кездеспейді.

Үшіншіден, мұндай мультсериалдардағы кейіпкерлердің ері қайсы, әйелі қайсы ажырату қиын. Ондағы ерлердің бойынан намысшылдық, ер жігітке тән қасиеттердің бірі де көрсетілмейді. Ал қыздары нәзіктіктен мүлде жұрдай. Жалпы, бұл тұрғыда барлығы керісінше жасалған.

Төртіншіден, айтылған сөздердің өзінде ешқандай тәрбиелік мән-мағына жоқ. Кей анимациялық



фильмдерде кейіпкерлердің аузынан неше түрлі былапыт сөздердің шығатыны шындық. Бұл әлі қалыптасып үлгермеген кішкентай бүлдіршіндер үшін қандай тәрбие болмақ?

Қазіргі мультфильмдер жоғары технологиямен жасалғандықтан, бояуы қанық, кейіпкерлері құлды тірі адамдай, бала біткенді өзіне баурап алады. Бірақ олардың беретін тәрбиесі мықты деп айту қиын.

Мәселен, бүгінгі балалары «Қанбақ шал», «Қырық өтірік», «Құйыршық», «Кожанасыр», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сынды мультфильмдерді көрмейді. Қызықпайтын себебі, оқиға желісін автор түсіндіріп, айтып тұрады, кейіпкерлері де кей жерінде сөйлеп, жай қозғалады. Балалардың тамашалайтыны бір-бірін қуып, жолдағы кездескенін бәрін қирататын «Том мен Джерри», әркіммен қақтығысып, ұрысып жүретін «Спэндиж Боб», бәрін қыратын «Кунг-фу панда», аюдың тілін алмайтын кішкентай қыз Маша.

Кез келген мектеп оқушысынан сұрасаңыз, Шрек пен Спэндиж Бобты, Дара мен Диегоны, Бэтмен мен Кайланы, темір адам Тоботты туысқанындай танып, жеті атасын жатқа айтқандай судыратады. Мысалы, «Өрмекші адам» мультфильмі да, киносы да бар. Тіпті базарларда дискісі мен киімдері толып тұр. Сол киімді киген бала, үйдің ішінде шафтадан диванға, диваннан еденге секіріп ойнайды. Мұндай мультфильмдерден балалар теріс тәрбие алып жүргені өтірік емес. Оқиға желісі шытырманға толы, кейіпкерлері ұрда-жық.

Кейбір мультфильмдер, мәселен, кішкентай қыздардың қызыға қарайтын «Феясы» жалаңаш. Осындай мультфильмдерді көрген қыз баласының көзі үйреніп, бойжеткесін ашық-шашық киінуді қалыпты жағдай деп түсінеді.

Бірнеше жыл бұрын жарық көрген отандық «Алдар көсенің қызықты оқиғалары» анимациялық фильмі көптің ойында қалды. Тіпті сауда орындарынан іздеп жүріп, саатып алатындар саны артты. Қазақ анимациясын тағы бір туындымен толықтырған Артур мен Игорь Краустар. Мұның бір «эттеген-ай» дейтін тұсы мультфильмде бүлдіршіндердің психологиясына кері әсер ететін әрі қазақы тәрбиеге жат дүниелер кездеседі. Мысалы, шық бермес Шығайбайдың бәйбішесінің аузынан шығатын «кәрі қақпас», «есалан», «оңбаған» деген сияқты ерсі сөздер көп.

Алғашында көрерменнің көңілінен орын алған «Маша мен аю» мультфильмі үлкендердің де санасын жаулады. Соңғы топтамаларына орыс елінің дәстүрін қосты. Мамандардың пікірінше, «Маша мен аю» мультсериалы балалар үшін қауіпті болып саналады. Себебі, туындыдағы кейіпкер қыз ерке әрі тәртіпсіз, ойындағысын орындамай қоймайтын шолжаң. Әйтсе де, қазақ арналарының біразында дөңгеленетін бұл мультфильм көптің ықыласына бөленген. Мүмкін бұл да рейтинг жинаудың, көрермендер санын арттырудың бір жолы болар.

Қазір көрсетіліп жатқан «Дала ойындары», «Айдар» және «Ертемір» атты 3D форматындағы

анимациялық жобалар арқылы әрбір қазақ баласы супер қаһарман болғысы келіп жүр. Үш мультфильмнің де эфирлік қаралымы жоғары. Тіпті көрермен тарапынан жақсы пікір алып та үлгерген. Иә, бұл жобалар жеткіншектердің техниканың тілін меңгеруге, өжет болып өсуіне септігін тигізетін болар. Бірақ баланың психологиясының өзгеруіне әкеп соқтырады. Себебі, туындыдағы кейіпкерлердің сыртқы бейнесі, түр-әлпеттері адам көргісіз, тіпті құбыжық па дерсіз. Жоғарыда айтып өткеніміздей балаға ең алдымен кейіпкерлердің сырт келбеті тез әсер етеді. Сондықтан, жеткіншектерге жастайынан туған тілге, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелітін ең бастысы көрген кезде көз тойындай мультфильмдерді көрсету аса маңызды.

Балалар мультфильм көрмесін демейміз, тек ата-ана өзі таңдап бергені дұрыс. Отандық анимацияда қазақ ертегілерінің желісімен түсірілген мультфильмдер жетерлік. «Мұзбалақ», «Күлтегің», «Толағай», «Әли мен Айя», т.б. қазақша анимациялық фильмдердің маңызы терең, сапасы жоғары. Ең бастысы қазақы дәстүрдің иісі аңқып тұрады.

Иә, әр фильмнің өзіне артық аманаты, яғни міндеті бар. Бастысы қазақ анимациясына жауапты адам әдет-ғұрыпты бойына сіңірген болуы керек. Қаншама жылдан бері ақсап тұрған бұл саланы жандандыру әсте оңай емес. Дегенмен, баланы қызықтыра отырып, оған тәрбиелік мән құюдың бір міндеті осы аниматорларда.

Қазіргі мультфильмдердің кемшіліктерін одан әрі тізіп, шексіз жалғастыра беруге болады. Сондықтан, шетелдік телеарна өнімді келсін-келмесін дайындадан көрсете бермей, балалардың болашағына оң әсер ететін төл туындылардың шығуына атсалысуымыз қажет. Сондай-ақ, ата-аналар да бүлдіршіндердің өзгенің мәдениетіне еліктемей, өз ұлтының құндылықтарын бағалауға баулығаны жөн.

Аружан ЕРАЛЫ,
Қызылорда қаласы



www.facebook.com/syrboyi_kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыздар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.